

ҚАЙНАҒАН ҚАЛА

КӨМІР ҮШІН

КУРЕС - 2

1500
ТЕҢГЕ

Кешке қарай үйге көршім келіп тұр. Қолында ала қабы бар.

— «Бауырым, үсіп өлсін демесең, қалған-құтқан отын, көмірінді бер», — дейді есікті жұлқа ашып. Далаға дағардай бу ұшып, дағардай аяз кірді.

— Қандай көмір? — деппін түкке түсінбей.

— Өзіннен қалған кокым-сокым бар шығар? — дейді мұртына қатқан қырауды қолының сыртымен сырып тастап.

— Қайрат аға-оу, менде көгілдір отын ғой, — деймін кеудемді мақтаншып кернеп (әдетте, ешқайсымыз көгілдір отын демейміз). Аяз басталған алғашқы күні — 24 қаңтарда үйге көгілдір отын кіргізіп алған едім (оның жыры бөлек). Көршімнің не үшін көмір сұрап келіп тұрғанын сонда ғана түсіндім. Газ келген соң,

бұрынғы қалған отын, көмірдің қажеті жоқ шығар деп ойлаған ғой.

— Қап-ай, бір болса, сенен табылатын шығар деп келіп едім, — дейді.

— Көмір жоқ, бірақ жарты қап жанқа табылып қалар, — дедім.

— Оған да тәубе! Барынды берші, анау төрт балапаным тоңып, көрпеден шыға алмай қалды. Үйдің іші аяз. Есік-терезені қырау құрсап, үйге кіріп тұрған ауыз су да қатып қалыпты, — деп екі қолын жылу батареясына кезек-кезек ұстайды. Жертөледегі қалған шырпы-жанқаны қабына салып бердім. Суықтан көгеріп кеткен жүзіне қан жүгіргендей болды...

Жұмысқа келсем, электрондық БАҚ, сайт, әлеуметтік желінің бәрінде көмірге таласқан ел,

жұрттың жаға жыртасқан видеосы қаптап жүр. Содан не керек, әркімнен бір сұрап, Алматыдағы кара отын сататын орталықтарды аралап шығуға бел байладым. Таныс-білістердің берген мекен-жайы бойынша Түркісіб ауданының «Пятилетка» деп аталатын шағын ауданына ат басын тіредік. Бұл жерде көмір сататын төрт қойма бар екен. Бәрін аралап шықтық.

Біріншісінің қақпасы алаң-ашық жатыр. Көмір іздеп сабылған жұрт емін-еркін бас сұғып, жоғын таппай, тауы шағылып, кері қайтуды. «Касса» жабық. Үш жігіт көмірдің арасынан шыққан, отқа салса жанбайтын қарасұр тасты шағып жатыр екен. Жөн сұрайық деген оймен соларға бұрылды.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Қостанай облысы Жангелдин ауданының аумағынан зымыран бөлшектері құлайтын арнайы жер бөлу мәселесі қызу талқыға түсуде. Әсіресе, Торғай жұрты алаңдаулы. Осыған орай, кеше Мәжіліске келіп жаңа заң жобасын таныстырған қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұловтың пікірін сұрап-білген едік.



Б.АТАМҚҰЛОВ:

ЗЫМЫРАННАН ЗИЯН АЗ

— Бейбіт Бәкіұлы, Жангелді ауданының тұрғындарымен кездесуге арналған жиналыс сағат 15:00-ге жоспарланып, аяқасты сағат таңғы 10-да басталып кетіпті. Неге?

— Ол енді жолдың мәселесіне байланысты болды. Астанадан келетін сарапшыларымыз уақытынан бұрын келіп қалды да, ерте бастауға тура келді. Дегенмен, біраз адам жиналды. Себебі біз екі-үш ай бұрын хабарландыру таратып, осы мәселеге арналған кездесу болатынын айттық. Халық хабардар. Наурыз-сәуір айында тағы барамыз. Қажет болса, журналистерді де алып кетеміз.

— Зымыран бөлшектеріне жер бөлу мәселесіне қатысты жергілікті жұрт нақты келісім берді ме?

— Жалпы әлемде жыл сайын жүздеген зымыран ұшырылып жатады. Қазақстан әрқашан халықтың пікірімен санасалы. Ең бастысы, ұлттық қорғаныс қауіпсіздігі назарға алынады. Елдің тиісті стратегиялық жобаларын қамтамасыз ету мәселесі бірінші орында тұрады. Кез келген дүниені ұшықтырып, мәселе көтеруге болады. Қазір біз цифрландыру дәуіріне қадам бастық. Барлығымыз да смартфон қолданып, интернеттің игілігін көріп отырмыз. Біздің ұшырып жатқан, ұшырамыз деп жоспарлап жүрген жерсеріктеріміздің барлығы да елдің қамы үшін. Болашақта кенжолықтың интернетпен қамтамасыз етіп, коммуникация саласының инфрақұрылымын жақсартып, елдің әлеуетін көтеру үшін осы жобалардың маңызы зор.

— Еліміздің қорғаныс қауіпсіздігі маңызды екеніне ешкім шүбә келтірмейді. Дегенмен зымыран бөлшектері құлайтын аумаққа жакын орналасқан елді мекендердің тағдыры қалай болады?

— Осы мәселені талқылау барысында біз сол төңіректегі ауылдардың біраз мәселесімен таныс болдық. Әлеуметтік түйткіл жеткілікті. Алдағы уақытта іргесіне қалдық тасталатын Ақкөл мен Қарасу ауылдарына жедел жәрдем көліктері бөлініп, ауыз су тартылады. Аудан бюджетіне жыл сайын 151 млн теңге қаржы аударылады. Айтпа кететін жәйт, егер алдағы уақытта шешім қабылданып жатса, онда үш жылдың ішінде бар-жоғы 7 рет зымыран ұшырылады. Ал одан келетін экологиялық шығын еліміздің авиация саласынан келетін шығыннан 75 есе төмен. Әуеден құлайтын зымыран бөлшектеріне бөлінген жер мемлекеттік қорда тұр. Ол жер ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылмайды.

Сұхбаттасқан
Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана қаласы



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
69,42



DOLLAR
322,90



EURO
402,08

АЛТЫН (ун.)
1343,90



COMMENT

АЛЫС ТА ЖАҚЫН AMERICA



(Соңы.
Басы өткен санда)

NASDAQ
(National
Association of
Securities Dealers
Automated
Quotation —
Ұлттық құнды
қағаздар
бойынша
дилерлер

қауымдастығының автоматтандырылған бағамдау жүйесі) блокчейн технологиясын басқалардан бұрынырақ қолға алды. Бүгінде ол өзге компаниялардың осы технологияны енгізуіне жағдай жасап, кірісін еселей түсуде. 2015 жылы бағдарламамен қамтамасыз ету қызметі 400 млн доллар әкеліпті.

(Жалғасы 3-бетте)

КЕРІ КЕТКЕН

«Біреуі Абайды, Махамбетті жатқа айта алмайды. Көбінің тілінде «асфальт дефектісі» бар, яғни қазақ әріптерің н, қ, ғ, і, ө, ұ, ү, дыбыстарын айта алмайды. Бұл дыбыстарға тілі келмеген соң қазақ сөзінің жұпары аңқымайды. Жаттап алып, жасанды сөйлегендей әсер қалдырады».




БҮГІНГІ КИНО:
ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ЖҰПАРЫ
АҢҚЫМАЙДЫ

(Толығырақ 7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Қам жеменіз,
жылу бізден!



(Жалғасы 6-бетте)

ДАРАҚЫ ДАҒДЫ

Мемлекеттік қызметте «командалық көшіп-қону» үрдісінің тамырына балта шабамыз деп айтып келе жатқанымызға біршама уақыт болды. Арнайы заң да қабылданды. Нәтиже жоқ емес, бар. Бірақ мәселенің түпкілікті шешілмегенін осы аптада мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Ішпекбаев айтты. Кейбір басшылар әлі де өз адамын ертіп кетеді екен.

Агенттік төрағасының сөзіне сенсек, бүгінде басшы шенеунік бір қызметтен екінші қызметке ауысқанда өз адамын бірден тартпайды. Алайда бір жыл ішінде басқарушы құрамның толығымен ауысқанын байқайсың. А.Ішпекбаев «Осыған байланысты мынаны айтқым келеді: егер мемлекеттік қызметкер ашық конкурс аясында қабылданса, онда ол өзіне жасалған қысымға шыдамай, лауазымын төмендетуге немесе өз еркімен жұмыстан кетуге көнбеуі тиіс. Менің ойымша, мұндай қадамға біліксіз немесе бір нәрсе бүлдірген қызметкер барады» деді. Сондай-ақ ол мемлекеттік аппараттың тұрақтылығы мен мемлекеттік қызметкерлерді қорғауға

агенттіктің ерекше ден қоятынын атап өтті. Оның айтуынша, қызметкердің әдеп ережесін сақтау мәселесі де ведомствоның жіті бақылауында. Ал әдеп ережесін бұзған қызметкер қатаң жазаланады. Тіпті жұмыстан шығарылуы мүмкін. А.Ішпекбаев мемлекеттік қызметте көргенсіздік пен дөрекілікке жол бермес үшін бірлесіп әрекет етуге шақырды. Жиын барысында мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы А.Ішпекбаев сыбайлас

квазимемлекеттік сектор (239 қылмыс) тұр. Білім саласы, ауыл шаруашылығы, құрылыс , денсаулық сақтау мекемелерінің де жағдайы мәз емес. Жалпы өткен жылы 320 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Мемлекет қазынасына 14 млрд теңге қайтарылыпты. Қылмыстың басым көпшілігі — паракорлық. Агенттік төрағасының айтуынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басты бір шарты — мемлекеттік аппараттың тазалығы. Сондықтан



КОМАНДАЛЫҚ КӨШТІҢ КӨЛЕҢКЕСІ

жемқорлықпен байланысты қылмыс жиі тіркелетін салаларды атады. Әкімдік қызметшілері көш бастап тұр. Өткен жылы 718 оқиға тіркелген. Одан кейінгі орында ішкі істер мекемелері (323 қылмыс),

басшылардың қызметі ауысқанда сенімді серіктестерін ертіп жүруіне тосқауыл қою қажет.

Елдос ӨМІРЗАҚ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

286,9

млрд теңге. Елімізде алдағы төрт жылда терроризм және экстремизммен күрес үшін бөлінетін қаржының көлемі

3,4

жыл. Алматылық есепші миллиондап ақша ұрлағаны үшін осынша уақытқа бас бостандығынан айырылды

1,3

мың елді мекенге жылдамдығы жоғары интернет тартылады

7 сөз Қарағандыда шенеунік өзіне миллион теңге сыйақы жазған



Елжан БІРТАНОВ, денсаулық сақтау министрі:

«2018 жылдың маусымында интеграциялық тұғырнама мен электрондық денсаулық паспортын ілкі жоба ретінде енгізу жоспарланып отыр. Бұл денсаулық саласын цифрландырудың бірден-бір тетігі. Әкімдіктермен бірлесіп, жыл соңына дейін медициналық ақпарат жүйелерімен барынша қамту жоспарланған. Электрондық денсаулық паспорты арқылы дәрігер пациенттің денсаулығына қатысты барлық ақпаратты алатын болады. Дегенмен электрондық денсаулық паспортын табысты енгізу үшін барлық медициналық ұйым пациент туралы мәліметті беруі және әрбір медициналық қызметті цифрлы форматта жүргізуі тиіс»



Нұртай СӘБИЛИЯНОВ, Мәжіліс депутаты:

«Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың баяндамасын тыңдадық. Маған министр ертегі айтып жатқан секілді болды. Неге? Өйткені, цифрландыру болу үшін денсаулық сақтау ұйымдарын, ауруханаларды, емханаларды біз жақсы, жылдамдығы жоғары интернет байланысына қосудымыз керек. Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің айтуынша, бұл 2022 жылы ғана жүзеге асады. Қаражат болса... Сонда, бұл цифрландыру кімге жүргізіледі? Мысалы, өңірлерді алып қарайтын болсақ, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының денсаулық ұйымдары бар-жоғы 14-43 пайыз ғана интернет жүйесіне қосылған. Сондықтан бірінші кезекте осыны шешуіміз керек»

Әлеумет.т⁰



Әңгімеге әлеуметтік желіні қосып сөйлейтін заманға да келіп жеттік. Жұырда Instagram желісінің zello_atyau парақшасына салынған видео лезде интернет кеністігіне тарап кетті. Кейін WhatsApp желісі арқылы телефоннан телефонға тараған бейнежазда Атыраудың қалалық перзентханасы алдындағы сәбилі шығарып алу рәсімі бейнеленген. «Күнделікті оқиға ғой, соны мақала етіп жазатындай не көрініпті, тәйірі?!» деп базбіреу шамдануы да мүмкін. Қараңыз, перзентхана алдында қар таситын көліктің

негізін қалаушылардың бірі. Бірақ Билл Гейтстің атағы сонау тоқсаныншы жылдардан бері қайырымдылық саласында да шыға бастады. Оның ізгі істерін бүгінде, тіпті исламдық бағыттағы сайттар да жаппай насихаттап жүр. Атышулы Forbes журналы бойынша әлемдегі мультимиллиардерлердің көш басында тұрған Билл Гейтстің байлығы 120 млрд долларға бағалануда. Керемет пе? Керемет! Дегенмен ол байлығын перзентхана маңында немесе тойханада трактордан бастап, лимузинге дейін жинап

БИЛЛ ГЕЙТСТЕН ҮЙРЕНСЕК ЕКЕН...

алып күрегіне мініп, бір қыз тұр. Жай тұрған жоқ, алып күректі биікке көтеріп, ән салып тұр. Эстраланың сүйемелдеуімен! Оның әніне мәз болып сәбилдің туыстары билеп жүр. Қақаған қыста далада шампан атып, үлкен үстелге көкөністің тұр-түрін қойыпты. Оқиғаны телефон камерасына түсіріп тұрған жігіт «қазір баланы лимузинмен алып шығамыз, міне, лимузин!» деп мәз болады.

Былай қарасаң, әшейін ғана оқиға. Бірақ, о заман да, бү заман, перзентханаға қар таситын көлікті әкелетін «дәстүр» барын бұрын-соңды естімеген екенбіз. Сол бейнежазбаға жазылған пікірлерді көрсеніз, ойыңыз тіптен сан-сакка жүгіреді. «Жаналық» ашқандарды қолдағандар да, сыбағандар да бар. Біз біреудің қалтасын түгендейін деп отырған жоқпыз. Мәселе, барға қанағат етуді білмейтініміз бен астамшылықтан арыла алмай жүргендігіміз турасында. Бар екенсіз. Бай екенсіз. Мархабат! Бірақ оны жар салып, жарнамалаудың не қажеті бар? Әшейінде өзіміз даттайтын Батыстың миллионерлерінен қазақтың бай-бағланы үйренетін дүние көп. Оған осындайда көз жеткізесіз.

Әлемге әйгілі Билл Гейтстің есімін білмейтіндер жер бетінде кемде-кем. Американың ең жолы болғыш кәсіпкері, қоғам қайраткері, бағдарламалық қамсыздандыру саласының әлемдік көшбасшысы болып табылатын Microsoft Corporation компаниясының

әкеліп жарнамаламайды. Еңбекпен келген байлықтың қомақты бөлігін саналы түрде қайырымдылыққа жұмсайды. Мұқтаж жандарға, мүгедектерге, жоқ-жітік отбасыларға қолдау көрсетеді. Ағарту саласында Билл Гейтс қашан да алда жүреді. Өткен жылы ғана өзі негізін қалаған «Билл Гейтс және Мелинда Гейтстер қоры» АҚШ-тың мемлекеттік мектептеріне 1,7 миллиард доллар қаржы бөлді. Билл Гейтстің айтуынша, қаражаттың 60%-ы мемлекеттік мектептерде оқитын оқушыларды эксперименттік оқыту әдісіне, кейінгі 15%-ы мүмкіндігі шектеулі балалардың мектептеріне, 25%-ы білім жүйесіне жұмсалды. Қайырымдылық қорына ақша аударудан рекорд жасаған Билл Гейтс тек 1994-2010 жылдар аралығында 28 миллиард доллар аударған екен.

Бәлкім, біздің қазақ кәсіпкерлердің қайырымдылыққа миллиардтап аударатындай табысы жоқ та болар. Алайда астамшылдыққа, ысырапқа бой алдырмас бұрын, жағдайы өзінен төмен, бір тілім нанға зар болып отырған адамдар туралы ойласа дейсің... Көлік, отыз градус аязда далаға жайылған дастархан дегеннен шығалы, сәбилі күтіп алар алында сол қаражат мұқтаж жандарға берілсе, олардың дұғасы нәрестенің болашағы үшін әлдеқайда қайырлы сауап болмай ма?

Баян ЖАНҰЗАКОВА, Атырау



Аптаның айнасы

ДӘМХАНАДАН «ДӘМ» ТАТҚАН АЛАЯҚ



Қудың құйрығы да бір тұтам! Соны біле тұра, елімізде айналасын асыруға дайын тұратындар жетерлік. Астана тұрғыны жарнама арқылы бөтен біреудің дәмханасын сатып жіберіпті.

Қалалық соттың баспасөз қызметі хабарлағандай, сатып алушы дәмхананың сатылатыны туралы жарнаманы сайттан көреді. Кездесу кезінде ол сатушыға алдын ала төлем ретінде 1 млн 250 мың теңге берген. Болар іс болғаннан кейін дәмхананың басқа біреуге тиесілі екенін біліп, сатқан адамға хабарласады. Қалтасына түскен ақша қайтып шығушы ма еді?... Алаяқ әйел алғанын қайтарудан бас тарттады. Жәбірленуші сотқа шағымданды. Алматы аудандық соты оның талабын қанағаттандырып, қаржыны қайтаруға шешім шығарды. Соттың шешімі заңды күшіне енген жоқ.

Алтын бесік

Бұрын өрісі малға, қамбасы дөңге толған ауыл еді. Қазір бар-жоғы көше. Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданындағы екі елді мекен ауыл мәртебесінен айырылды.



«Волчиха» және «Красная Заря» деп аталатын екі ауылдың бірінде — 34, екіншісінде — 40 тұрғын қалған. «Волчихада» — 3, «Красная Заряда» — 2 оқушы ғана мектепке барады. Осыдан отыз жыл бұрын бұл ауылдардың әрқайсысында 50-60 үй болыпты. Кейін нарық қысқан жылдары жергілікті жұрт қалаға жаппай көшіп, ауыл іші қанырап қалады. Енді Волчиха ауылы 25 шақырым қашықтықта жатқан Кіші Уба ауылының бір көшесі ретінде

БҰРЫН АУЫЛ ЕДІ...

тіркелсе, Красная Заря 3,5 шақырымдағы Березовка ауылының құрамына енеді. Ауыл қотарыла көшпейді. Бірақ бұдан былай көрші елді мекендердің көшесі ретінде аталады.



(Басы 1-бетте)

«Мен NASDAQ-тың миссиясын, оның АҚШ ғана емес, әлемдік экономикадағы рөлін жоғары бағалаймын. Біз сенімді серіктес ретінде дүниежүзіндегі 80 биржада жұмыс істеп жатқан технологияны ұсынамыз». Компания президенті Адина Фридман осылай дейді. Реті келгенде айта кетейік, Forbes

Жергілікті ғылым мен өндіріс әлемдік трендтен (*бета*лыс) қалып қойды. Ал Америка ғылыми прогресс пен шаруашылықты ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілін бір-бірімен қабыстыра отырып, онсыз да мықты инновациялық әлеуетін еселеді. Силикон ойпаты орналасқан бір ғана Калифорния штатының жалпы ішкі өнімі Ресейдікінен екі есе көп екені де таң қалдырмайды.

жобалардың іске асуына мұрындық болып жүр. Қазақ-британ техникалық университетіндегі зертхана — солардың бірегейі. Ол әлгінде сөз еткен мұнай өндірісіндегі тың әдіс-тәсілді біздегі кеніштерге әкелу жайын қарастырады.

Boeing және General Electric компанияларымен жасалған келісім-шарттар да өзара тиімді. Америкадағы өндіріс ошақтарына берілетін жана



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Кауіпсіздік Кеңесінің мәжілісі өтетін залға келдік. Журналист қауымға бәрі таңсық. Кіреберістері БҰҰ жалауының қасында басталған жаппай суретке түсу іште де жалғасты. «Кілең Бас

жолын көрсететін дәрежеге жетті. Сол себепті, бүгінгі қуаныш бұрынғыдан бөлек, одан да зор. Сөз жоқ, 2018 жылдың 18 қаңтары — тарихта алтын әріптермен жазылатын айтулы оқиға. Сондай-ақ

АЛЫС ТА

рейтингі бойынша әлемдегі ең ықпалды 100 әйелдің арасында 31-ші орында тұрған қаржыгер ханым тынымсыз еңбек, терең білім, үздіксіз ізденіспен жетістікке жетудің таптырмас үлгісі. Бір сөзбен, биржаның майын ішкен маман. Өзінің айтуынша, жұмысында бір-біріне ұқсас күн болмайды. Отбасына да, спортқа да уақыт табады. Сенбеуіңіз мүмкін, бірақ бизнесумен — тхэквондодан кара белбеудің иегері.

Ол Астана халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) көкжиегі кең деп біледі. Қазақ тарапының орталық қызметіне қатысты шаруаны жан-жақты пысықтағанына топ-менеджерге тән ыждаһаттықпен назар аударды. «Біз бұл іске осындай көзқараспен кіріскендеріңізге қуанамыз» деп ризашылығын білдірді.

Шанында да бір мемлекеттің аумағында ағылшын заңы, шетелдік қазылар, 50 жылға дейін салық, еңбек, виза және валюта жеңілдіктеріне арқа сүйеп, қызмет көрсетуді көздейтін қаржы жүйесін құру оңай емес. Бітпейтін бюрократия мен арқаны кенге салып жүре беретін жайбасарлығымызды



Адина ФРИДМАН

ескерсек, тіпті де. Ең күрделі міндет ірі компанияларды жобаға тарту болса керек. Кезінде NASDAQ-тың Лондон биржасымен қосылуды әрекеті екі рет сәтсіздікке ұшырады. Тек бәсекелесі — шведтің OMX компаниясымен біріккен соң ғана табыс көзі телегей

кәрі құрлыққа жол ашылды.

Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстан нарығы да тартымды. Аймақты былай қояйық, сонау Франкфурт пен Шанхай арасындағы ұлан-ғайыр атырапта халықаралық ауқымда биржа жоқ. Елбасы Астананың «жасыл», ислам және инновациялық қаржы құралдарын дамытатын өнірлік орталық болуға мүмкіндігі мол екенін атап өтті. Н. Назарбаев бұдан бірер жыл бұрын АХҚО басқару кеңесінің мүшелерімен кездескенде орталықтың «Жібек жолы» экономикалық белдеуі бойында қаржы қызметін көрсете алатын әлеуетіне айрықша тоқталды. Бүгінде «Бір жол, бір белдеу» деп аталатын транзит тасымалындағы ғаламат жобаға жүздеген мемлекеттің, трансұлттық компаниялардың ықылас танытқанын ескерсек, күре жолдың бойында халықаралық қаржы орталығын тездетіп құру — нарықтың уақыт күттірмес талабы. Қарапайым тілмен түйіндесек, ертерек қимылдағанның ісі де, ырысы да артық.

Шикізат бағасының құлдырауы, ірі державалар арасындағы ымырасыз текетірес экономикаға ауадай қажет инвестицияны қат дүниеге айналдырды. Аузы дуалы ресейлік

сарапшы Алексей Кудрин санкциялар соғысынан келген кесірлі зиян деп Батыстан инвестиция мен жоғары технологияның тежелуін айтты. Қазынасы мұнай мен газға қарайтын терістік көршіміздегі кеніштер заманауи құрал-жабдыкқа, тың зерттеулерге зәру.

Африканың оңтүстігіндегі бір мектепте оқып жүргенде бала қиялына Айзек Азимовтың фантастикалық шығармалары шабыт берген Илон Маск осы Америкаға келіп, ғаламдық ғарышта төңкеріс жасалды. Жакын күндері көп мәрте қолданылатын Falcon Heavy-ді ұшырғалы отырған ол «Мұндай қымбат та күрделі зымыран тасығышты жасап, артынан оны, жойып жіберу нағыз есуастық» дейді.

Елбасының Вашингтон сапарында осы ғарыш тақырыбы да қозғалды. Аспан кеңістігін қару-жарақ алаңына айналдырмау жайы баса айтылды. Экономика мен ғылымға қатысты келіссөздерден түйгеніміз — еліміз өзара тиімді, тең дәрежелі қарым-қатынасты қалайды. Қажет кезде, өзгеге қол ұшын соза алады. Айталық, АҚШ айрықша мән беріп отырған Ауғанстанда тұрақтылықты баянды ету үшін қаржылай көмек көрсетіп келеді. Білім саласындағы жәрдемі өз алдына. Бизнесінің мүдесін бірінші орынға қоятын американдықтарға да осындай серіктес керек. Бүгінгі билікпен берекелі барыс-келіс жасау үшін Трамптың діттегенін тап басу қажет. «America First (*Алдымен Америкаға*)!» деген ұранмен Ақ үйге келген АҚШ президенті экономика ғана емес, бәріне бизнестің көзімен қарайтын сияқты. Ол ғаламдық климатқа арналған Париж келісімінің шығатынын мәлімдегенде, аталған құжаттың біраз жылдан кейін 2,7 млн отандасын жұмыссыз қалдыратынын қаперге салды. Еуропадан тауар мұхиттың ар жағына болмашы салықпен барып

тапсырыс жұмыс орындарын сақтау тұрғысынан пайдалы. Ал теңіз жолдарынан алыс жатқан (*landlocked countries*) Қазақстанға аймақтағы өрісі тар әрі кедергісі көп одақпен шектелмей, ғаламдық экономиканың бір бөлшегі болу бәрінен де маңызды. General Electric-тің тіркемелі локомотивтері алғі «Жібек жолы» бойымен транзит тасымалын жүзеге асырып жатса, еліміз жаһандық логистикалық процестің маңызды буынына айналады деген сөз.

ЖАҚЫН

Қазақ «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес» дейді. Қанатты сөзді тақырыбымызға қарата айтсақ, 90-жылдардың басындағы қиын да күрделі кезеңде АҚШ-тың біздің тәуелсіздігімізді саяси тұрғыдан қолдауы, экономикамызды қомақты инвестициямен демеуі ешқашан ұмытылмайтын сауапты қадам. Өз кезегінде Құрама Штаттар да міндеттемесіне әрдайым адал, сенімді стратегиялық серіктес — Қазақстанмен қарым-қатынастың жемісін көріп келеді. Вашингтондағы Назарбаев - Трамп кездесуі өткенді безбендеп, келешекке деген сенімді нықтай түсті.

редакторы Нұртөре Жүсіп әлеуметтік желі арқылы тікелей репортаж жүргізді.

Көптен күткен, күллі дүниенің ынта-ықыласын баурап алған тарихи сәт те келіп жетті. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 8160-шы отырысы басталды. Күн тәртібінде — «Жаппай қырып-жою қаруларын таратпау:

AMERICA

жатқанда, отандық кәсіпорындардың өнімі кәрі құрлыққа қиындықпен кіретініне қынжылды. Жергілікті мұнайшыны да демеп жіберді. Сөйтіп елдегі «қара алтын» өндірісі тәулігіне 9,6 млн баррельге жетті. Бұрын болмаған көрсеткіш! Мамандар көп өтпей, Сауд Арабиясы мен Ресейді басып озады деген пікірде.

Тек биліктің қолдауымен мұнай көптеп шығарыла басталы дейтін пікір қисынсызды. Басты себеп — өндіріске заманауи құрал-жабдықты қолдану. Соның арқасында тактатас (*сланец*) мұнайы алынды. Жана технология жұмысты тез бастап, тиімсіз кезде тоқтата қоюға мүмкіндік береді. Біздегі «Теңізшевройл» компаниясының бұрынғы бас директоры Тим Миллер мырзадан жана технологияны елімізде қолдану туралы сұрағанбыз. Кәсіпқой мұнайшы мұның мүмкін екенін айтқан. АҚШ астанасында «Шеврон» компаниясымен жасалған келісімге сәйкес, пайдалы жобаларға 251 млн доллар салынады. Қашанда қазақ баспасөзін қолдайтын осы компания елімізде ғылыми, мәдени, әлеуметтік

Ист-Ривер шығанағы жағасындағы Тертл-Бей алаңы. Нью-Йорктің келбетіне көрік қосқан еңселі ғимаратты жұрт теледидар арқылы болса да біледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтері



Бас редакторлар клубының мүшелері БҰҰ-да

сенім шаралары» мәселесі. Елбасы антиядролық міндеттемесін бұзған елге қатан шара қолдануды ұсынды. Қауіпсіздік Кеңесі оны арнайы қарармен бекітуі тиіс. Жаһан қоғамдастығын тажал қаруды таратпауға бағытталған күресті күшейтуге шақырды. Осы бастан нақты шара қолға алынбаса, жер-жиһанға қауіп төнуі мүмкін екенін ескертті. Бүгінде ғалам бейбітшілікке өте-өте алаң. Әсіресе, ядролық державалар арасындағы ахуал шиеленісе түскен сайын адамзаттың ертеңі алаңдатпай қоймайды. Мемлекет басшысының осыған орай айтқан пікірі пайымды да пәтуалы: «Қазақстанның ядролық қарусыз жолы өзге елдерге үлгі әрі тәжірибе тұрғысынан көмек болар еді. Тәуелсіз ел болып, мемлекеттігімізді нығайттық. Сол арқылы беделімізді арттырып, ядролық державалардан шабуыл жасамау кепілдігін алдық. Осы ретте, Солтүстік

осында. Алаңда түрлі елдердің жалаулары алыстан көзге шалынады. Біздің көк туымыз да желбіреп тұр. Бұл мекенде жер-жиһанды толандырған мәселелерге қатысты саяси шешім қабылданады. Ішке кірсең, құлды бір музей мен галереяда жүргендей әсер аласың. Әлемдегі сәулет, мүсін, сурет, зергерлік және тоқыма өнерінің небір таңғажайып туындылары осында. Біздегі Есік қорғанынан табылған Алтын адам да сән беріп тұр.

Корея елінің басшылығын біздің жолымызбен жүруге шақырамыз».

Әнгіміміздің басында еліміз 1992 жылы БҰҰ-ға мүше болып қабылданған кезде бөрімізді аспанға атып қуанғанымызды жазып едік. Отыз жылға жетпейтін қысқа мерзімде Қазақстан жаһандық қоғамдастықтың мүдесін көксейтін ұйымда тізгін ұстап, жалпақ дүниеге жол нұсқайтын, кеңес беретін, қордаланған түйінді шешу



Өсиет демекші, осы Америкада да құлашын кең жазған әйгілі Ротшильдтер әулетінің ұрпағы, белгілі қаржыгердің жазғаны ойға оралды. Гиди Ротшильд арғы атасы Майердің дүниеден өтер алдында бес ұлы мен бес қызын шақырып алып, өсиетін әр қазаққа бала күннен таныс аңызбен жеткізгенін айтады. Сәк көсемі балаларына қорамсақтағы бес жебені «Тұтас күйінде сындырғандар» дейді. Ешқайсысы майыстыра да алмайды. Ал жеке-жеке сындыру оңай. Майер Ротшильд осы тәсілді айта келе, «Сендер де әрдайым бірге болсаңдар, осылай беріксіңдер. Ал бір-біріннен айырылып, алыстап кетсеңдер, нәсібін де, молшылығың да уыстан сусып түседі» деген екен. Кейінірек қызыл қалқанмен (*rot shield* — *қызыл қалқан*) бірге бес жебе «Ротшильдтер банкі» таңбасынан орын алған деседі. Осыны оқығанда ұрпағына ғана емес, өзге жұрттарға да тәлім-тәрбие құралы болған бабаларымыздың даналығына еріксіз тәнті боласың.

Алыста жатса да, жақындай түскен Америкаға сапар ұмытылмас әсер сыйлады. Нью-Йорк мына бір нақылымен де әйгілі. «Табыс пен жетістік ағашында алма көп. Алайда сен Нью-Йорктің ұшар биігіне өрлей алсаң, алма көбірек бұйырады». Тарихи оқиғаның куәгері болған біздер Дәу алма қаласынан елге олжалы оралдық деп сеніммен айта аламыз.



Срайыл СМАЙЫЛ, Алматы — Нью-Йорк — Алматы



(Басы
1-бетте)

Қайнаған қала

— Оншақты күн болды. Біздің өзімізге көмір келмей жатыр, — дейді көк көз қарасұр жігіт.
— Мына көмірді неге шағып жатырсыздар? — деп ан-тан қасымдағы әріптесім.
— Қандай көмір? Бұл тас қой. Отқа жанбайды. Құрылыс заты ретінде базарға апарсан, ешкім алмайды. Жолға да төсеуге болмайды. Түкке пайдасы жоқ. Сондықтан осылай шағып, қойманың артындағы сайға төгіп тастаймыз. Басқа амалымыз жоқ, — деп жуан балғамен әлгі таскөмірді құлаштап ұрады. Екінші қоймаға бардық. Онда да қара отынды «емге» таппадық. Күзет шығып, бір аптадан бері көмірдің болмағанын айтты. Себебін сұрап едік, иығын қиқаң еткізді. Көмірдің күлінен аяқ алып жүру қиын: борпылдаған бос шаңдақ тобықтан асады.



КӨМІРҮШІН КҮРЕС – 2

Үшінші қойма да жақын. Ол жердегі жағдай да алғашқы екеуімен бірдей...
Сонғы қойма қашықтау орналасыпты. Бірақ жаяу баратын жер. Бізді Іле ауданының Ащысай ауылынан келген, үш күннен бері көмір іздеп табанынан таусылған орта жастағы Зәкір деген кісі ертіп апарды. Журналист екенімізді қолымыздағы фотоаппараттан, жүріс-тұрысымыздан таныса керек.
— Сіздер араласпасаңыздар, бізге көмір жоқ деп қоймаға кіргізбей отыр. Бірақ өз адамдарына ғана береді. Оларға қаппен: бір қабын мың теңгеден сатады. Қалада оны 1500 теңгеден жұрт таласып-тармасып алып кетеді, — деп ашынған жұрт жан-жақтан шулады.
Әңгіме жол қысқартты. Төртінші қоймаға да тез жеттік. Қақпа сыртында қойдай иірілген



Қанат БОЗЫМБАЕВ, энергетика министрі:

«Бұл мәселенің бәрін біз білеміз. Тиісті әкімдіктермен жұмыс істеп жатырмыз. Штаб құрдық. Қазір Алматы облысына және Алматы қаласына 16 мың тонна көмір жөнелттік. Бүгін, ертең сату орындарына жеткізіледі. Теміржол тасымалы бойынша ешқандай қиындық жоқ. Вагон жеткілікті. Көмір өңдейтін кәсіпорындарда да бұрынғыдай лимит жоқ. Мүмкіндігінше өңдеп жатыр. Бұл жердегі мәселе, жергілікті атқарушы мекеме жағдайды бақылауда ұстап, өңдеуші кәсіпорынға тапсырысты уақытылы беріп отырса, ешқандай тапшылық туындамайды»

Айдарбек БАЙЖАНОВ, Алматы облысы әкімінің орынбасары:



«Ауа райының күрт суытуына байланысты 20-24 қаңтар күні көмір өндірісі кідіріп қалды. Осының салдарынан Алматы облысына көмір тасымалдаушылардың кестесі бұзылды. Биылғы жылдың 25 қаңтарынан бастап көмір резервіндегі жұмыс кестеге сай жүргізіле бастады. Дәл қазір көмір тасымалдауға қатысты жағдай тұрақталды»

Антитеза

калын жұрт. Жүк көліктер көгенге тізілгендей қатар-қатар. Бізден үміт күтетін сияқты. Үлкен темір қақпаны қақтық. Ішінен арнайы форма кийінген күзет шықты. Есік көзіне тұрып алған. «Көмір жоқ. Ешкімді кіргізе алмаймыз» деп коқандайды. Басшылықпен сөйлескіміз келетінін айттық. Кіргізбеді. Сөз түсінетін біреу шығып қалар деген оймен ішке қарай ұмсынып едік, бізбен жағаласа кетті. Көзі аларып, төбелесуге дайын тұр.
Алматы облысының Шелек ауылынан келген Азамат үш күннен бері осы манды торуылдап жүргенін жеткізді.
— Ауылда не отын, не көмір жоқ. Ағып тұрған қара су да мына аязда қатып қалды. Тым болмағанда үй жылы болса, қар суын ерітіп ішсек те өлмес едік. Бірақ үйде жылу болмаса, береке қашып кетеді екен. Халықтың мұнын бұлар түсінбейді. Өз адамдарына ғана қаппен сатып жатыр. Біз



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы облысы Талғар ауданына қарасты Тұздыбастау ауылының тұрғыны Талғат Исабеков біраз уақыттан бері көмір сатумен айналысады. Оған да хабарласып көрдік.
— Талғат, қазіргі болып жатқан көмірдің тапшылығына қатысты ойыңызды білсек деген едік. Не себептен сіздер көмірді қымбатқа сатып жатырсыздар?
— Мен өткен жылы көмір сатумен айналыса бастаған кезде көмірдің әр тоннасын 16-17 мың теңгеден алатынмын. Бірден 8 тонна түсіріп аламын. Оны алғаш 144-145 мың теңгеден, кейін 152 мың теңге дейін алып жүрдім. Соңғы рет түсіргенде 8 тоннаны 170 мың теңгеге алдым. Әр тоннасы 21 мың теңгеден айналды. Көмір осылай қымбаттап жатыр. Мен көмірді алғаннан кейін оны қаппен сатамын. Бір қабын ұсақ-ірісін араластырып сатқанда 1000 теңгеден, ал тек қана ірісін сатсам – 1200 теңгеден беремін. Бір қапта 37-38 келі болады. Көмірдің аты да, сапасы да әртүрлі. Шұбаркөл, Қаражыра, Гамма, Жалын, Майкөп деген көмір бар. Бұлардың ішінде ең жақсы өтетіні, қызуы мен жылуы молы – Шұбаркөлдікі. Одан кейін Қаражыра жақсы жанады. Жылуды көп ұстайды. Бірақ күлі көп шығады. Сондықтан Қаражырадан гөрі Шұбаркөлді көбірек алады. Гамма, Майкөбе деген көмірлерге қарағанда, Шұбаркөл мен Қаражыра жақсы өтеді.
— Қазір сізде көмір бар ма?
— Қазір көмір жоқ. Кеше Қызылтуда бір қапты 2500 мың теңгеден сатты. Тұздыбастауда мүлде көмір жоқ. Іздеген адам көп. Мен де іздеп-іздеп таппадым. Қаланың ішінде «Пятилеткада» сатылады. Бірақ қазір онда да көмір жоқ. ГРЭС-те, Байсеркеде бар деп естідік. Кеше хабарласқанымызда жоқ деп айтты. Бүгін 4 вагон көмірді Іле ауданының «Қараой» деген ауылына жібергенін естідік. Бізде басқа ақпарат жоқ.



қанша жалындық. Пысқырмайды. Қолдан жасап отыр бәрін. Екі сағаттан бері 150 адам осында келіп кетті», — деп мұн шаққандай болды. Көмір іздеген жұрттың бәрімен тілдестік. Айтатындары — бір зар, бір мұн...
Қайтар жолда көмірді қаппен сатады деген Алматының шетіндегі елді мекендерді аралап көрдік. Қаппен сатып отырған ешкім жоқ. Болса, бір сағаттың ішінде таласып-тармасып алып кетеді екен. Енді қайтеін, жұрттың бәрінде көгілдір отын жоқ.

Жарас КЕМЕЛЖАН
Суреттерді түсірген Салтанат ШЫРЫНХАН

Владислав КОСАРЕВ, Мәжіліс депутаты:

— Статистика мәселесіне қатысты жаңа заң жобасын дайындауда халықаралық тәжірибе ескерілгені айтылды. Еуропа елдерінің ойына сүйене беруді қою керек. Жұмысты ешкімге қарайламай, өзіміз жүргізейік. Қанатымыз бекіді. Сәм аға бізге қалай қадам басу керектігін үйретпейтіндей, жұмыс жүргізсек қайтеді? Біздің статистика мекемесі ешбір министрлікке тәуелді болмауы керек. Ендігі сауал: статистика мекемесінің өңірлердегі желісі қандай? Жалған статистикалық есеп беретін мекемеге қандай жауапкершілік жүктеледі?

Сауалы
АПТАНЫҢ
Жауабы

Руслан ДӘЛЕНОВ, ұлттық экономика бірінші вице-министрі:

— Сырттағы тәжірибені біз тек саралаймыз. Оңтайлысы болса, аламыз. Әлемнің озық тәжірибелеріне сүйену біздің тікелей міндетіміз. Аудандық құрылымдар туралы айтсам, статистика мекемелері 2,5 өте жақсы жарақтандырылған. 2,5 мыңға жуық қызметші бар. Мекемеге қарасты басқармалар мен бөлімдер барлық өңірде жұмыс істейді. «Бір терезе» қағидаты өз нәтижесін беруде. Қағазбен жұмыс істеуден арылу үшін пилоттық жоба ретінде планиетпен мәлімет беру тәжірибесін енгізуді қолға алдық.



Мәселе

Шаруаларға дизель отынын бөлуде әр өңірдің ерекшелігін ескеру керек. Мәжіліс депутаты Берік Оспанов осындай мәселе көтеріп, вице-премьер-ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеевке сауал жолдады.

осындай түйткілдің салдарынан дән себу жұмыстары кешеуілдеп, өнім көрсеткіші мен сапасына әсер ететінін айтып, алаңдап отырған көрінеді.

Депутат Берік Оспанов «Еліміздің дархан даласында онтүстік пен солтүстік аймақтағы ауа райы әр түрлі. Табиғат жағдайына қарай өңірлерде далалық жұмыстарда әр түрлі уақытта басталады. Мәселен, Оңтүстік облыстарда көктем ерте шығып, шаруа жер қарайған бойда егістікке кіріседі. Алайда

КӨКТЕМ ҚАМЫН ҚЫС ОЙЛА

Депутат жеңілдетілген бағамен берілетін сұйық отынды бөлудің кестесін қайта қарау керек деген пікірде. Себебі бекітілген тәртіпке сәйкес, дизель отыны наурыз айынан бастап таратылады. Алайда ол шаруалардың қолына мамыр айында жетеді. Осыған орай, депутат кестені өзгертіп, ақпан айынан бастап үлестіру жағын қарастыруды ұсынып отыр.

Жақында, Оңтүстік облыстарды аралап, халықпен кездескен депутаттарға сайлаушылардың көбі осы мәселені аманаттаған екен. «Көктемнің бір күні жылға азық» деп білетін күнгейдегі тұрғындар

белгіленген кесте бойынша берілетін дизель отыны өте кеш жетеді. Дикандар амал жоқ, уақытты ұту үшін үкіметтен келетін сұйық отынды күтіп отырмай, нарықтан қымбат бағамен жанармай

сатып алуға мәжбүр. Айналып келгенде, мұның бәрі өнім көрсеткішіне, сапасына, тіпті нарықтағы тауар бағасына да әсер етеді», — дейді.

Бейсен НАРЫНБЕК



ФОТОАЙҒАҚ



Аяз атым, шүү-шүү

Молдағали БАТҚАН,
ардагер ұстаз:



ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТПІҢ ТҰҒЫРЫ

Қазақта әдемі мақал бар: «Ағаш жапырағымен көрікті, адам ұрпағымен көрікті». Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, біз шынында, бала тәрбиесінен айырылып қалдық. Қазақша шырай берген баяғы ұрпақ қазір жоқ. Неге?

Біріншіден, кешегі кеңес үкіметі кезіндегі тең-құқықтық, өзімшілдік саясаттың құрбанына айналдық. Ұлтқа төнген үлкен қасіреттің бірі осыдан келді. Сөйтіп қазақтың қыз-келіншектері ұлттық рухтан ада болды. Даналық, кісілік, тектілік, ұяндықтан айырылды. Ер-азаматпен жағаласып тұратын, беттен алып, теске шабатын жат мінез жұқтырды. Міне, сөйтіп тең-құқықтық саясаттың кесірінен әйелдердің бойындағы ұлттық мінез, қазақтылық қасиет жойылды. Осыдан кейін ондай анадан туған ұрпақтың не болатынын олай беріңіз...

Тарихқа көз жүгіртсек, француздар әлемде ең мәдениетті ұлт, өркениетті ел деп аталған болатын. Еврейлер сол халықтың қыздарын «Әлемдегі ең сұлу әйел — француздың қыз-келіншектері» деп мақтап-мақтап, нәзік жанды әйелдер қауымын азырды. Әйелдің тәрбиесі бұзылған соң, ұлттың тамырына вирус жұғалды екен...

Бізге де Кеңес үкіметінің тұсында сондай саясат жүргізілді. Тең-құқықтық саясат — қазақтың дәстүрлі әйел менталитетін өзгертіп, бала тәрбиесін бұзды. Еркек оттын басындағы рөлінен, бала тәрбиесіндегі әкелік ықпалынан айырылып

қалды. Баяғы бабалар айтатын «Қатын — би, еркек — құл» болған заманға дөп түстік. Бұл — ашы да болса шындық.

Қазір мектептегі ұстаздардың 99 пайызы — әйелдер. Жалпы оқу-ағарту саласы — балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарындағы ұстаздың дені — нәзік жандылар. Бала үйде анасының ықпалында өссе, мектепте апайының тәрбиесін көреді. Бұдан шығатын қорытынды қандай? Әйелдің психологиясымен қалыптасқан бала жасық, жігерсіз, нәзік болып өседі. Намыссыз бен сатқын — осындай ұрпақтан шығып жатыр. Өйткені баланың бойындағы атаның қанымен берілген табиғи мінез бұзылған соң, оның жан-дүниесі өзгереді.

Үйде шешесі билік құрған, мектепте апайынан тәлім алған соң, баланың бойында тұлғалық қасиет қалыптаспайды. Тұлғалық, көшбасшылық қасиетті бала көп жағдайда әкесі мен ер мұғалімнен ғана ала алады. Мектепте немесе жоғары оқу орындарында «Дене шынықтыру», «Еңбек» сияқты пәндерден беретін бірлі-жарым ғана ер мұғалім бар. Бірақ олардың өзі оқушысын араққа жұмсайды. Бірге тұрып темекі шегеді. Осындай өз кәдірін өзі қашыратындарды жоққа шығара алмаймыз...

Жалпы ұрпақ тәрбиесіндегі жіберген олқылықтың орнын толтыратын жол бар ма? Әрине, бар. Ол үшін дәрігерлер мен ұстаздардың ұлттық статусын, мәртебесін қалпына келтіруіміз қажет. Сонда ғана жоғалғанымызды табамыз. Әйел мұғалімдердің орнын жарым-жартылай болса да ер-азаматтармен ауыстырсақ, ұрпақты да, ұлтты да сақтап қалуға болады.

Бұрын бізге сабақ берген мұғалімдердің ұстаздық тұлғалық қасиеті ерекше болатын. Біз оларды көрген жерде құрметтеп, алдын кесіп өтпейтінбіз. Қазір керісінше. Токсан ауыз сөздің тобықтай түіні: халықтық педагогикаға өтпей, бұрынғы ата-бабаларымыз сияқты ұлы тұлғалар тудыра алмаймыз.

Өткен аптада ақтөбелік ардагер Көшкінбай Ахметов облыс әкімі Бердібек Сапарбаев қатысқан жиында ұрпақ тәрбиесіне қатысты өзекті мәселе көтерді. Ол «Қазір қыз мінезді ұлдар көбейіп барады. Себебі балабақшада әйелдер тәрбиелейді, мектепте әйелдер сабақ береді. Колледж бен өзге оқу орындарында тағы да әйелдер басым. Бұл болашақта ер баланың шешім қабылдауына кері әсерін тигізеді», — деді. Біз осы тақырыпты жан-жақты зерделеу үшін ардагер-ұстаз Молдағали Батқан, этнограф Болат Бопайұлы және Гарвард университетінде білім алып жүрген белгілі журналист Шыңғыс Мұқанның ой-тоғамын ұсынғанды жөн көрдік.

БАЛА



БОРКЕМІК БОЛМАСЫН ДЕСЕК

Болат БОПАЙҰЛЫ,
Қазақ ұлттық салт-дәстүр
академиясының академигі,
этнограф:

ҰЛДЫҢ ҚЫЗДАЙ ҚЫЛЫҚТЫ БОЛҒАНЫ ҚЫНЖЫЛАДЫ

Атам қазақ «баланы жастан» дейді. Бағы заманнан-ақ өмірдің шамшырағы болған бақыттың бастауын — оттың басы, ошақтың қасында отырып-ақ дастархан басында балаларына болашақ құнды бағдарлама айтып, құлағына құйып отыратын.

Қазақтың алып батырлары мен көсем, шешендері, айтқыш, тапқыш, айтулы ақсақалдары, әнші-күйші өнерпаздары, тігінші, шебер, ұста, іскерлері мектеп-медресе табалдырығын аттамай жатып атаның ақылмен, ананың арына әбден суарылып, білімнің алғашқы көзді бастауын, көкірегін ашып, білім табалдырығын аттайтынды. Ұлтымыздың осындай ұлттық құндылықтары дәл бүгінгі күндері саркылып бара жатқандай.

Неге? Бүгінгі ғылым дамып, экономика өркендеп, тұтас әлем елдерінде жаһандану жаппай жүріп жатқан, әсіресе, рухани құндылықтың орнын тасқындап басып бара жатқан заттық мәдениет дәл бүгінгі ұрпақтың көзқарасын ғана өзгертіп қоймай, мінезін де орасан зор дәрежеде өзгертуде.

Ол ғана емес! Балабақша, мектеп, орта техникум, жоғары оқу орындарында оқып жатқан барлық тәлімгеріміздің мінезін бірден ықпал етіп келеді. Бұлай дейтін себебіміз, тасқындап кірген ғылым-техника мен әлемдік мәдениеттің ықпалы күллі адамзат баласын бір-біріне жақындастырып бара жатқандығы айдан анық көрінеді.

Мынау зымыран заманға ілесіп өркеніетті өмір сүрудің өзі — қазіргі қоғам адамдары үшін де, ата-аналар үшін де, балалар үшін де онайға түсіп тұрған жоқ. Қарыс қадам бассан, бәрі экономикаға, ақшаға тіреле кетеді. Ақшасыз адам қанатсыз құстай ұша алмайды. Тұрмысын жалғастыра алмайды. Сондықтан, ата-ана бала тәрбиелей ме, жоқ ақша таба ма?! Таң бозынан кетіп ақшам сөне үйге оралған әке-шешенің халін дәл қазіргі танда айтып жатудың өзі сын!..

Қазір «ақшалы кісі — ағай, ақшасыз кісі — малай» деген сияқты заманауи қарай мақал туып үлгерді. Ақыл айту оңай, жұмыс істеу қиын. Бірақ сол істейтін жұмыс табыла



қалмайды. Табыла қалған күнде де, беретін ақысы жарытпайды... Бұл мәселені жайдан-жай қозғап отырған жоқпыз. «Аш бала топ баламен ойнамайды» деп бұрынғылар да бекер айтпаған. Біздің бүгінгі ұрпақ қара нанға қарық болған шығар, десе де қазақы құндылыққа аш.

«Әке көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді». Бұл — менің сөзім емес. Ата-бабаларымыз шегелеп кеткен шындық. Осыған орай айтсам, күллі білім ордаларының барлығында тек әйелдер қауымының ұрпақ тәрбиелеуі — қайсар қазақтың қарымды да, қайратты ұлдарына қалай әсер етіп отыр?!

Ендеше осы арадағы түйткіл не? Түйткіл мынада: қазір ұстаз деген ұлы мамандықтың жалақысы, яғни еңбегінің өтемі тым төмен. Әрі біздің елде ұстазға деген сый-құрмет те кемшін. Бір сөзбен айтқанда, білімді ұстаздан қалталы кәсіпкер беделді. Сондықтан, атпал азаматтар алтын басын кішірейтіп, төмен жалақыға телміргісі келмейді. Бұл — бір қарамаққа тұрмыстық мәселе болғанымен, ұлттық руханиятқа анағұрлым тәуелді екенін біреу білсе де, біреу біле бермейді. Токсан ауыз сөзді тобықтай етіп түйіндер болсам, білім ошақтарына үлкен жалақымен жалынды да, жігерлі жігіттерді тарту — болашақ айбынды да, айбатты, қарымды да, қайратты азаматтарды жетілдіріп шығаруға салған инвестиция болмақ.

Әлбетте, бұл мәселені әйелдер қауымының орнын төмендету үшін айтып отырған жоқпыз. Ашы да болса шындық. Бүгінгі жас жеткіншек жігіттердің қыздай қылықты болып бара жатқаны қатты қынжылтады. Бір сөзбен айтқанда, азаматқа тән айбаты кеміп кеткен. Оның бірден-бір себебі — тек әйелдер қауымының аудиториясынан тыныс алудан деп кесіп айту артық та, жалған да емес. Сол үшін «тал бесіктен бастау алған тәрбиені», әсіресе, ұлдар қауымы ер-азаматтардан алса, туа бітті табиғатына анағұрлым жақындалады.

Ертеңгі ұлдарымыз бірін-бірі «батырым» деп атасын десек, білім саласында атпал азаматтардың қатарын көбейтуді көп кешіктірмей қолға алған абзал. Ол үшін мемлекет қоржынынан аздап артық ақша шығатыны ақиқат. Десе де, ұтымдаймыз. Ұтамыз...

КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Шыңғыс МҰҚАН,
Гарвард университетінің студенті
(Кембридж қаласы):

ТӘРБИЕ МЕН ЭКОНОМИКА — ЕГІЗ

Осыдан бір жарым жыл бұрын, Атырау облысы әкімінің орынбасары қызметінен оқу демалысына шықтым. Америкаға аттандым. Гарвард университетіне түстім.

Ойымда жауабын тапсам деген жалғыз сұрақ болды. Әлемдегі теңсіздіктің мәнін анықтағым келді. Қазіргі дамыған елдер қайтып осы деңгейге жетті? Оның сыры неде? Неге осыны үйреніп, елге алып келіп, дамып кетпеске?

Мемлекеттер дамуының сырын іздеу адамдарды зерттеуге алып келді. Зерттей келе көзім жеткен дүние — адам дамуы мемлекет дамуымен тікелей байланысты екен. Жаңалық ашқан жоқпын. Баршаға аян шындық.

Зерттей келе көзім жеткен тағы бір құпия — мемлекеттік мәселе отбасылық тәрбиеден басталады. Отбасы да бойға сіңетін құндылыққа байланысты болып шықты.

Адамзаттың басым бөлігі ХХ ғасырдың басына дейін аграрлық қоғамда өмір сүрген. Аграрлық отбасында отағасының қолында шексіз билік болады. Бір адамның үйде бас болғанын жаман деп отырған жоқпыз. Көбіміз әкеміздің қас-қабағына қарап ауылда өстік. Бұл жерде психологиялық астар бар. Қазақ отбасыларында әкенің айтқаны — заң. Қатал әке — ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін біледі. Барлық сұраққа — өзі жауап. Оған ешкім күмән келтірмейді. Ой талас, бөтен пікір жоқ.

Бара-бара қаталдық әлгі баланы көңілсіздікке алып келеді. Өскен соң бойұсынғыштық бағыныштылыққа апарды. Өзін шешім қабылдасан, дұрыс болмайтын сияқты. Сөйтіп тәуелділіктен тәуекелсіздік пайда болады. Тәуекел жоқ жерде әлеуметтік өзгеріс орын алмайды, экономиканы ілгерілететін инновация шықпайды.

Бертін келе мектепте ата-ана функциясы жартылай мұғалімге ауысты. Олар да сол ортадан шыққан, баланы шеңберде ұстауға тырысады. Одан соң әке мен ұстаздың орнын басты басалды. Басты — сенен бастама күтеді, сен — басыңдан нұсқау күтесің.

Еліміз 2050 жылы дамыған 30-дыққа енуді жоспарлаған екен. Оған нұсқаумен емес, әр азамат шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алғанда ғана кіреміз. Шығармашылық әлеуеттің дамуы (*innovative potential, creativity*) — отбасыдағы еркіндіктен, ал оны жүзеге асыру — қоғамдағы еркіндікке байланысты. (*Sergey Brin немесе басқаларының жұлдызы Ресейде емес, өзге елде жануы, осының мысалы. Бұл — өз алдына бөлек әңгіме*).

Сонымен, экономикалық өсім де, отыздыққа ену де отбасыдағы тәрбиеден басталады. Бір қарағанда, экономика мен тәрбиенің қатысы жоқ сияқты. Ал шындығында адам қасиеттерін мемлекет қабілетіне айналдыру — тікелей тәрбиеге байланысты.

Еріксіз әрі бойұсынғыш ұрпақ ешқашан да еркін әрі қайсар халыққа айналмайды.

Қазақы тәрбиедегі құндылықты зерделеу — озығын қалдырып, тозығын қайта қарау — Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қоғамдық талқыға салатын басты шаруа. Осы мәселе қытайларды да қатты алаңдатыпты. Себебі бүкіл инновацияның көбі Америкада пайда болады. Сөйтсе, Американың балалары ғылыми фантастиканы көп оқиды екен. Бұл әдеби жанр қиялдауға, арман қууға алып келеді. Бұны бір деп қойыңыз.

Екіншіден, қияли баланың ойын жүзеге асыруға көмектесу ата-анаға байланысты. 2014 жылы Вашингтонда өткен жастар форумына қатыстым. Сахнаға 20 жасқа дейінгі өнертапқыштар шықты. Аты-жөндері есімде жоқ. Солардың ішінде бір жігіт қаншама эксперимент жасағанын, үйдің ас бөлмесін неше рет өртеп алғанын, сынаққа қажет бір химиялық элементті әке-шешесімен бірге неше күн іздегенін әңгімелеп берді.

Еркіндік дегеніміз — еркелету емес, міне, осы өз ойын іске асыруда қолдау деген сөз. Қиялдауға үйрету, қиялды іске асыруға көмектесу деген сөз. Америкада бір жарым жылдан бері тұрып жатырмын. Баласын еркелетіп отырған бірде-бір ата-ананы көрмеймін. Керісінше, балаларымен үлкен адамдарша сөйлесіп отырады. Баласы бір нәрсе қаласа, неге оны қажет етіп отырғанын талқылайды. Сол таңдаудың жауапкершілігін баланың өзіне артады.

Қазақ отбасыларында осы жасқа келіп байқағаным, иә еркелетеді, иә ұрсып алады. Балаармен мәймөңкелесудің қажеті жоқ, олармен сөйлесу керек. Сабақта не қызықтырады? Достары кім? Кім болғысы келеді? Оған қалай жетуге болады деп ойлайды? Былай істесең, олай болады деп сұраққа дайын жауап беру де тәуелділікке алып келеді. Сұрақ қойса, сол сұраққа өзі қалай жауап берер еді деп сұраңыз. Білмеймін десе, ол сұрақтың жауабын қандай кітаптан іздеуге болатынын сұраның. Бірге кітапханаға барып, сұраққа жауап іздеңіз. Өз сұрағына өзі жауап тауып үйренуді бала кезінен үйреткен жөн. Ол бала қазір ата-анадан жауап күтсе, үлкейген соң, биліктен жауап күтеді. Оның сұрауы қанағаттандырылмаса, кім кінәлі? Дұрыс білім бермеген ата-ана кінәлі! Жұмыс тауып бермеген мемлекет кінәлі.

Сонымен қатар сұрақ іздеу жолында бала талай рет сәтсіздікке ұшырайды. Сенен түк шықпайды деп қолыңдызды бір сілтесеніз, ол келесіде қателеспегуге тырысады. Қателеспегуге тырысу — тағы да тәуекелсіздікке алып келеді. Тәуекел жоқ жерде жанылық жоқ, үйрену жоқ. Сондықтан, кез келген сәтсіздік — бұл үйрену жолы. Әрбір жетістіктің артында жүздеген сәтсіздік жатыр. Адам жетістіктен үйренбейді, сәтсіздіктен үйренеді.

Ал балаға ұрысу, тіпті ұру мәселесіне келсек, ашуға міну — баланың жетіспіздігінен емес, әке-шеше жетіспестігінен. Неге? Себебі ата-ана сөзбен айтып түсіндіре алмаған соң, ашуға мінеді. Ата-ана айтып түсіндіре алмаса, оған бала кінәлі ме, ата-ана ма? Түсінікті етіп жеткізу — тыңдаушының емес, айтушының міндеті. Ол үшін не істеу керек? Балалармен сөйлесу керек. Күнде. Сөйлескен сайын, ата-ана мен бала арасында байланыс орнайды. Баланың сізді бір айтқаннан түсінетін болады. Ашуға мінудің қажеті жоқ. Еркелетудің де қажеті жоқ. Жетістікке жетсе, қуаттаныз. Сәтсіздікке ұшыраса, арқасынан қағыңыз.

Дайындаған
Жарас КЕМЕЛЖАН

ҚАЙНАЙДЫ ҚАНЫҢ

Әжелеріміз «Заман бұзылды ма, адам бұзылды ма? Бүгінгі жастардың ұяты басқашалау» деп кейіп отыратын. Сонда «қартайған адам қайдағыны сөйлей береді екен-ау» деп сөзіне мән бермеуші едік. Көзіміз жетті. Алматының әйдік сауда үйлерінің бірінде екі қыздың жұрттан қымсынбай, сүйсініп отырған видеосы жарияланды. Соны көрген сөтте марқұм әжемнің өлгі кейісі есіме сап етіп орада қалды. Әлеуметтік желіде үлкен дауға айналған қыздардың «махаббат» баянын белгілі ұлт жанашыры Асылы апа Османға айтып едік, өзі де ашынып отыр екен. Ағылып кетті.



**Асылы
ОСМАН:**

АР-ҰЯТТАН АЗҒАНДАР

— Қазақ қыздарының мұндай әрекеті — озбырлық. Бұл ұлттың арына, намысына кір келтіру. Қазақ ұлын — нарға, қызын — арға балаған. Міне, сол үделен шыға алмай отырмыз. Өзім онтүстіктің тумасы болғандықтан, салт-дәстүрге берікпін. Тіпті онда қызын есік жакка отырғызбай, төріне шығаралды. Елбасымыз елімізді әлемге танытып, бізден үлгі алғызып жатқанда, қыздарымыздың халқына, ұлтына жат қылық жасағаны еш миға сыймайтын дүние. Тәрбие көрген адам болса, осындай оғаш қылыққа бармас еді. Мұндай ардан безген қыздар болашақта қандай ана болады? Өз қызына ұят туралы тәрбиені қалай айтпақ? Олар ұлтқа сөз келтірген арсыз, намыссыз, санасыз, адамдық

қасиеттен арылғандар. Мен үнемі қазақтың қыздарымен мақтанып отырамын. Атап айтар болсам, үш ұшқыш қызымыз, Әлия мен Мәншүк ұлт алдында ар-намысын асқақтата білген жандар. Олар не үшін дайын асты жеп, тыныш отырмай, соғысқа аттанды дейсіз? Себебі, ұлтын, елін қорғауы үшін жанын құрбан етті. Салыстырып қарар болсақ, бүгінгі жастың ішетіні алдында, ішпейтіні артында. Барлық жағдайы да жасалған. Осы орайда Абайдың «Қарны тоқтық, қайғысы жоқтық, азырар адам баласын» дегені дәл осы қыздарымызға арналып айтылғандай. Олар бүгінде рухани байлықтан, ар-ұяттан, адами асыл қасиеттен азып отыр.

Жазып алған
Салтанат ШЫРЫНХАН



www.jasqazaq.kz

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Қызықстан қызықтары

Атам қазақ баяғыда өлдекімге қаны қайнап кетсе керек, «Жаман айғыр үйірсек, жаман күйеу қайынсақ» деген мәтел шығарыпты. Бүгін соны «Жаман өкім қайынсақ» деп өзгертуге мәжбүрміз. Білдей бір ауылдың басшысы қатарынан екі жыл енесіне тиесілі тойхананың коммуналдық шығынын бюджет есебінен төлеп келген. Қайынсақ өкім ғимараттың жылу ақысын мемлекет есебінен жауыпты.

ҚАЙЫН ЕНЕСІН ЖАРЫЛҚАЙМЫН ДЕП...



Қызмет бабын асыра пайдаланған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылының өкімі Шекер Төлепбергеннің ісін мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментінің мамандары май шаммен қарады. Тексеріс нәтижесін әдеп жөніндегі кеңес отырысында департаменттің өкілі Бақтияр Мәкеев жария етті. Оның айтуынша, тойхана өкімнің енесі һәм кәсіпкер Ахметоваға тиесілі екен. ҚазАқпарат жазғандай, 2015-2017 жылдары ауыл өкімі тойхана иесімен коммуналдық қызметтерді ұсыну жөнінде келісімшарт жасамаған. «Сонда өкім бүкіл тойханамен әлгіндей келісімшарт жасауы тиіс пе» деп сұрайтындар табылар. Жок, ене тойханасы өкімдік ғимаратында орналасқан. Аумағы да әжептәуір. 353 шаршы метр. Бейнелеп айтсақ, бір шелек көмірмен жылы қоймайды. Кәсіпкер өкімшілік ғимараттың бір бөлігін 10 жылға сенімгерлік басқару негізінде алған. 2015 жылы ғимаратқа бюджет қаржысынан жылыту қазандығы салыныпты. Өкімнің енесі, яғни тойхана иесі оған заңсыз түрде қосылып отыр. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері ауыл өкімінің жемқорлық әрекетін қатан сынға алып, оны жауапкершілікке тарту жөніндегі ұсыныс Ақтоғай ауданының өкіміне жолдау бірауыздан ұйғарылды. Жиынға қатысқан ауыл шенеунігі кінәсін толық мойындайтынын мәлімдеп, өз қызметінде қалдыруын өтінді (!). Ал кәсіпкер барлық шығынды өтеуі тиіс.

Құрық

Астанада алғаш рет биткоин саудалаған алаяқ құрықталды. Алматылық Тимур Бекжанов арзан бағаммен электрондық валюта сатамын деп екі адамды алдап соққан.

БИТКОИННЕН КЕЛГЕН БӘЛЕ



Ол алдағы уақытта криптовалютаның бағасы өсетіні жайында ақпаратты Olx.kz-ке орналастырады. Ол кезде бір биткоинның құны — 25 мың доллар шамасында. Ал Т.Бекжанов анағұрлым арзанға сататынын жазды. Time.kz сайты хабарлағандай, сатып алушы Тимурдан бір биткоинның жартысын 1 284 000 теңгеге сатып алады. Артынша аймакер оның электрондық әмиянына 0,57 биткоин аударғаны жайында хабарлама тастайды. Шын мәнінде, ешқандай аударма жасалмаған. Компьютерді жақсы меңгерген Тимур ақшаны алып, тайып тұрады. Алғашқы миллионды тапқан ол кезекті сатып алушыға 1 биткоинды жүз долларға өткізеді. Желтоқсан айында биткоинның бағасы 10 мың долларға жеткен көрінеді. Осылайша арзандығына алданған сатып алушы 11 200 долларды Бекжановтың қолына тапсырады. Қулығын асырған алаяқ бұл жолы да қомақты қаржымен қашып кетеді. Алданған сатып алушы құқық қорғау орындарына шағым түсіреді. Бекжановтың қылмысы тіркелген соң қамауға алынады. Астана қаласы Есіл ауданының судьясы Канат Тобағалиұлының үкімімен өксі алаяқ 3 жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды.

Безбүйрек

Дәрігерлердің айтуынша, мамандар түнімен баланың өмірін аман алып қалу үшін күрескен. Бұқаралық ақпарат хабарлағандай, қазір сәбидің барлық дене мүшесі қалыпты жұмыс істеп тұр. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ораз Мұқашевтың айтуынша, дүниеге келгеніне 10-12 күн болған нәрестені емханаға жеткізгенде дене

ҚОҚЫСТАН ТАБЫЛҒАН СӘБИ



қызуы 35,4 градус болған. Сәбиді көрпеге орап, Гагарин көшесіндегі кокыс жәшігіне салып кетіпті. Медицина қызметкерлері баланың қанша уақыт суықта жатқанын нақты айта алмайды. Алайда ол қол-аяғы бүтін, дені сау боп туылған. Қазіргі таңда тәртіп сақшылары сәбиін кокысқа тастап кеткен көкек ананы іздеп жатыр.

Зерттеу

ЕСКІ ТАНЫС

Жұмыс уақыты болатын, біреу қоңырау шалды. Дауысы таныс. Бірақ кім екенін есіме түсіре алмай тұрмын. — *Қалың қалай, айналайын?* — дейді. — Жаксы, ағай. Өзіңіз қалайсыз? — деппін жыға тани алмай тұрсам да. — *Жақсымын, Салта! (Еркелеткен түрі. Соған қарағанда туысқанымның біреуі шығар?)*. — Ағай, кешіріңізші! Ұялы телефонымды ауыстырған едім. Атыңыз шықпай тұр... Бірақ дауысыңыз таныс... — деп күмілжімді. — *Мен ғой, Ержан ағайың... Есіңде болса, осыдан 2 жыл бұрын, сенің 2-курс оқып жүрген кезіңде жұмысқа шақырған едім...*

— Иә, иә, есіме түстіңіз... Әлі сол жұмыстасыз ба? — дедім ескі танысыма.

Ол бұрынғы жұмысынан шығып кеткенін айтты. Себебін сұрамадым. Өйткені ғұмыры ұзаққа бармайтын жанбағыс екенін жақсы түсінгем. Сөз арасында «Одан да ірі, қаржы қуаты қомақты компанияға ауысып кеттім» демесі бар ма! Қызығушылық танытқандай кейіп білдірдім. Мамандығым бойынша жұмыс таппай жүргенімді айтып айлаға көштім. Өйткені оның жаңа жұмысымен танысуым керек болды. Ол ойланбастан «Саған біздің компанияда орын бар» деп жақын тартты. Тіпті тәжірибе мен диплом да қажет емес. «Ертең кел» — деп мекен-жайын айтты.

БОЛАШАҚ «МИЛЛИОНЕРЛЕР»

Екі күн өткен, қонырау шалдым. Бір күн бұрын күткенін, бүгін жұмысы тығыз екенін жеткізді. Десе де маған уақыт тапқандай сынай танытты. Кездесу уақытын белгіледік. Қаланың қас ортасында орналасқан әйдік бизнес—орталығы. Әрине, мұндай жерде тірлік жасау кез келгеннің арманы. Өйткені қазіргідей шарунақ аязда жылы орында отыраңға не жетсін?!

Топ-топ адам, бір жакта жастар бөлектеніп алыпты. Сабылған жұрт. Бірақ ғимарат іші тап-таза. Үшінші кабатқа көтерілдім. Ержан ағай шақырған бөлмені іздеп таптым, бірақ жабық тұр. Жанындағы кеңсенің есігі айқара ашық. Есік көзінен ұрлана қарадым. Бір қауым жұрт жиналып алыпты. Менің көзім қара тактадағы миллиондарға түсті. Орта жастан асқан әйел әлгі миллионға миллионды қосып, күрделі есеп шығарып жатыр.

«Оқушылары» тәртіпті көрінді, шуламай, тып-тыныш тындап отыр. Миллион кімге ұнамасын?! Ақшаның сылдыры естілген соң, мен де есікке қарай ентелей бердім...

«БИЗНЕС-ХАНЫМ» БОЛА ЖАЗДАДЫҚ

Оқырманға түсінікті болу үшін, сәл шегіністі баяндау жасай кетейік. Осыдан екі жыл бұрын (*ол кезде 2-курстың студенті едім*) Ержан ағаймен құрбым таныстырған-ды. Оқудан тыс уақытта қосымша ақша тапқымыз келген. Бір күні құрбым екеуімізге де жан қиналмай, көп ақша табатын кәсіп тапқанын айтып, сүйінші сұралды. Ержан ағаймен ғаламтор арқылы танысып, ол құрбым Инжуді жұмысқа шақырыпты. Кейін түсіндік. Ержан ағайдың бізді қарық қыламын деген жұмысы — желілік маркетинг деп аталатын, қиялмен байитын, бірақ

менгергені соншалық, сылдыр сөзден бір сүрінбейді-ау, шіркін! Жұмыс тәртібі тұрақты: күнде белгілі бір уақытта тренинг өткізеді. Көшбасшылық қырыңызды ашудың қадамы жасалады. Әрі еңбекке баулиды. Бірақ қандай еңбекке баулитынын өзіңіз де, топ басшыларымыздың өздері де толық түсінбейді. Қасымдағы құрбым өзінен «бизнес-ханым» жасап алды. Әрине, қиялында ғана. Түпкі төркінін түсінген соң, ары қарай да бақылап көруіме тура келді. Адамды сендіру қиын. Жанбағыс, бірақ мұның да жалған дүние екенін жақсы білетін жанлар бар болып шықты арасында. «Тікелей шақыру тиімсіз. Жарнама жағын жайғастырайық» деді. Алайда мұның бәрінің алдамшы бизнес екеніне көзім жеткен соң, тастадым.

«ПИРАМИДА»



НЕМЕСЕ МЕН ҚАЛАЙ БАЙЫҒЫМ КЕЛДІ?

САУАЛНАМА

Іңкәр ӘБІЛҚАСЫМ, журналист:

Мені 3-курс оқып жүргенімде, құрбым осындай жұмысқа шақырды. Барып көрдім. «Біздің компаниямызға сіздей мысық қыздар ғана лайық. Айлығыңызды 70 мыңнан 350 мың теңгеге дейін көтеретін боламыз. Келісімді берсең 3 күн оқытады. Қалай табыс табу жолын, компания жайлы айтамыз. Бірақ шарт жасауға 30 мыңнан 90 мың теңгеге дейін компанияның затын сатып алуың керек» — деді. Сөйлеген сөзіне, қиын киіміне қарап қызықтым. Солай таза жұмыс істеуді қаладым. Ең арзанын, 30 мыңдық затты сатып алдым. Алғашқы нәтижені көргім келді. Таныс-білістерімді біртіндеп шақырдым. Кейбірі «не істеп жүрсің? Бұл дұрыс емес» деп, тіпті өзіме ұрысты. Күнде сабақтан соң тренингіне қатысам. Бір күні компанияның жабылатынын айтты. Көп ақша салғандар ұрыс-жанжал шығарып жатты. Ал мен ештеңе жоғалтпадым десем де болады. Бірақ енді қайтадан мұндайға сенбеймін.

Мәруа АРҒЫНБЕК, Алматы тұрғыны:

Маған ұсыныс көп түседі. Интернетте декреттегі әйелге жұмыс ұсынушы көбейіп кетті. Өз басым құптамаймын. Үйде отырсам да тоқыма тоқып, кестемен айналысқаным артық. Себебі бұл жұмыс жүйесінің қайда жетелейтіні анық. Онсыз да естіп, көріп жүрміз.

Ақназ ЗИЯБЕКОВА, Алматы тұрғыны:

Қазір жұмыссыз жүрмін. Ғаламтордан өзіме лайықты жұмыс іздеймін. 20 шақты кездесуге бардым. Барлығы тауар жарнамалау, адам тарту болып шықты. Тіпті шатасатын күйге жеттім. Алдап шақырып, қызыл тілмен алдағанда алдына жан салмайды. Дәулетті, бай болып кеткен өміріңізді көз алдыңызға әкеледі. Аузы құйған үрлеп ішеді екен. Кезінде мен де ақша салып көргенмін. Бірақ көк тиын пайда тапқан жоқпын.

Аз ақша салған соң ба, үлкен өкініш те болмады. Бірақ уақытым кетті.

АЛДЫМЕН АҚША БЕРЕСІҢ

Міне, кезінде жұмысқа шақырған Ержан ағайым қазір компаниясын өзгертіп, қарьерасын өсіріпті. Қазіргі

барлығы сізге ертегідей естілері анық. Десек те арманыңызды аласап табуға мүмкіндік жасаймын» депті. Бұл — отыздан асқан Гүлзана деген келіншектің маған жібергені.

Мұндай батпан құйрық болса, біздің елде тек қана бай-бағландар өмір сүретін еді ғой.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Біздің сұхбат



Жас казак: Ерлан мырза, жуырда ғана «Қазақстан» телеарнасы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» фильмін назарымызға ұсынды. Кейіннен бұл отандық туындыны сынаушылар да, актаушылар да көбейіп кетті. Жалпы мұндай тарихи фильмді түсіруге бір телеарнаның немесе киностудияның мүмкіндігі жете ме?

Е.Төлеутай: Дұрыс сұрақ. Жетпейді. Өйткені тарихи фильм түсіру — өте күрделі процесс. Ол кең көлемді өндіріс ауқымын талап етеді. Жыл сайын жаңарып, түрленіп отыратын шетел асып келетін кинотехника мен кинотехнологиялар қымбаттау үстінде. Оның үстіне, тарихи сериал түсіретіндей біздің телеарналардың ешқандай тәжірибесі, машығы жоқ, тіпті материалдық-техникалық базасы да сай емес. Телеарналар тарихи сериал түсірмек түгілі, кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан журналистік мектепті жойып алды. Аутсорсинг деген жұп шықты. Аутсорсинг — қазақ телеарнасына келген тікелей нәубет, зауал. Мен аутсорсинг айналасында қандай адамдардың жүргенін білемін. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» да осы аутсорсинг аферасының құрбанына айналды. Тағы да айтамын, телеарналар мен аутсорсингтік компанияларға еш уақытта тарихи фильмдердің тағдырын сеніп тапсыруға болмайды. Тарихи фильмдер түсіру жауапкершілігін тек «Қазақфильм» киностудиясына жүктеген жөн. Бірақ оның да жағдайы қазір мәз емес. Соңғы жылдары Шөкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының 18 гектар жеріне көз алартқан әртүрлі лобби жасаушылар олай-бұлай шабуылдап «Қазақфильмнің» де кетеуін кетіре бастады. Дегенмен «Қазақфильмде» Шөкен Айманов салған сара дәстүр, айқын жол бар. Материалдық-техникалық базасы да телеарналарға қарағанда оқ бойы озық. Соның өзінде тарихи фильм түсіру көп жағдайда сәтті бола бермейді. Сонау қазақ киносының корифейлері көзі тірі уағында да сәтсіз түсірілген тарихи фильмдер болған. Сондықтан тарихи фильм түсіру ісін ойыншық көріп, оны ешқашан коммерциялық жобаға айналдырмаған жөн.

Жас казак: Сонда тарихи фильмді «Қазақфильмге» ғана берген жөн дейсіз ғой.

Е.Төлеутай: Әрине. Бұдан бөлек, тарихи фильмді түсіре алатын маман қажет. Елімізде тарихи картина түсіре алатын шебер режиссер мен кәсіби маман саусақпен санарлықтай аз қалды. Оны да ескерген жөн. Тарихи һәм ұлттық фильм түсіре алатын режиссерлер деп бұл күнде Сатыбалды Нарымбетов, Досхан Жолжақынов, Рүстем Әбдірашев, Ақан Сатаев және Сәбит Құрманбеков, Данияр Саламатты айтуға болады. Жыл соңындағы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сериалы туралы болған жағдай тарихи фильм түсіру мәселесіне байыппен қарап, абайлап бару керектігін мензегендей. Тіпті келешекте тарихи фильмді арнаулы лицензиясы бар режиссер ғана түсіруі керек шығар. Олай болмаған жағдайда жауһар эпостарымыз бен тарихи тақырыптарымыз бірінен соң бірі осындай маскараға ұшырай бермек. **Қазақ — эпикалық санаға ие ұлт. Қазақтың жадында сонау көшпенділер**

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ БҮГІНГІ ХӘЛІ ҚАЛАЙ? ТАРИХИ КАРТИНА ТҮСІРУДЕ НЕДЕН АҚСАП ОТЫРМЫЗ? ТАРИХИ КИНОНЫ «ҚАЗАҚФИЛЬМНІҢ» ЕМЕС, ТЕЛЕАРНАНЫҢ БЮДЖЕТІНЕ ТҮСІРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚЫСЫНДЫ ДҮНИЕ? ОСЫ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН БЕЛГІЛІ СЦЕНАРИСТ, «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ» ТАРИХИ СЕРИАЛЫНЫҢ РЕДАКТОРЫ ЕРЛАН ТӨЛЕУТАЙМЕН ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК. КИНОӨНЕР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕМІЗ БІРАЗ МӘСЕЛЕНІҢ БАСЫН ҚАЙЫРДЫ.



Ерлан ТӨЛЕУТАЙ, өнертанушы:

БҮГІНГІ КИНО: ҚАЗАҚ СӨЗІНІН

пысықайлардың қолына көшуде. Осы мәселе де назардан тыс қалмауы тиіс.

Жас казак: Өз тәжірибеніңден айтыңызшы, тарихи фильм түсіргенде неге мән берген дұрыс: тарихи дерекке ме, әлде оқиғаға немесе диалогқа ма? Кайсысының жүгі ауыр?

Е.Төлеутай: Жалпы кино өнері үш киттің үстінде тұр. Әуелі сценарий, сосын режиссер және актер. Осы үшеуінің бірі ақсаға, бітті — кино болмайды. Даулы сериалда осы үшеуі де жоқ. Жұрттың бәрі сәтсіз түсірілген фильм үшін продюсерді кінәлауда. Өйткені ол атағы шыққан адам. Атағы шыққан адам даттауға жаксы, кім сынаса да қыбы қанады. Шынтауыттында, түсірілген фильмге режиссер жауап береді. Фильмді танымал режиссер түсірмегендіктен, ол тасада қалып қойды. Таяқтың бәрін сериалдың продюсері желі. Тарихи фильмге режиссер үлкен дайындықпен келуі керек. Тарихи фильмнің режиссері халық дүниетанымынан мол хабарлар, кем дегенде екі-үш көркем фильм түсірген тәжірибелі режиссер болуы керек. Ал мұндағы режиссер бауырымыздың бұрын ешқандай фильм түсірмегені, кино түсірудің қыр-сырын әлі менгермегені көрініп-ақ тұр. Ал енді тарихи фильмдерде неге мән берген жөн деген сұраққа алдында айтқан үшеуінен басқа тарихи шындық пен көркемдік шындықтың

басталған. Дәлірек айтқанда, қазақ киносының корифейлері: Шөкен Айманов, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаев, Мәжит Бегалиннен дүниеден озған соң, қазақ киносы кері кете бастады. Оның бірнеше себебі болды. Мен біреуін айтайын. Мәскеуде ВГИК деп аталатын үлкен кино институты бар. Жетпісінші жылдардан бастап, осы институтта тек элитаның балалары оқыды. Өйткені әкелері жоғары лауазымды қызметін пайдаланып, өздерінің бір ауыз қазақша білмейтін балаларын ВГИК-ке жіберіп жатты. Партократтар мен байдың балалары қайбір оқып жарытсын, олармен бірге оқыған сирек те болса қазақ тілді ағаларымыздың айтуынша, екінші курсқа келгенде жігіттер жағы ішімдікке үйір болып, қыздар жағы

КИНО
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



“

«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ РОМАНЫ ТАБИҒИ ЖОЛМЕН БІЗДІҢ ҰЛЫ ЭПОСЫМЫЗДАН ӨСІП ШЫҒУ КЕРЕК» ДЕГЕН ЕКЕН БІР СӨЗІНДЕ ДЕГДАР ЖАЗУШЫ АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ. ТАРИХИ ФИЛЬМ ТУРАСЫНДА ДА ОСЫЛАЙ АЙТУҒА БОЛАДЫ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ОЛАЙ БОЛМАЙ ОТЫР. КИНО, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҰЛТТЫҚ ФИЛЬМ, ТАРИХИ КИНО ТҮСІРУ – ҰЛТТЫҚ САНАСЫ БИІК СУРЕТКЕРДІҢ ЕНШІСІ. БІЗДЕ КИНОҒА ШОУ ИНДУСТРИЯНЫҢ КӨЗІМЕН ҚАРАЙДЫ.

ше, актерлер арак ішпейді, бірақ көп актерлер түсірілім алаңына дайындықсыз келеді. Рөліне деген жауапкершілік жоқ. Сондықтан келешекте Өнер академиясына қабылданатын болашақ кино актерлерге талапты күшейту керек. Талантты, тіл білетін, ең бастысы «н»-ға тілі келетін, ұлт дүниетанымынан хабары барларды ғана қабылдау керек. Сахна тілі сабағы актерлік шеберлік сабағымен бірдей басымдыққа ие болуы қажет. Баяғыда Өнер академиясының ауласында басы салбырап, мұнайып кетіп бара жатқан еңгезердей жас жігітті байқап қалған Кәукен Кенжетәев олан не болғанын сұрапты. Әлгі жігіт емтиханнан құлап қалдым депті. «Жұр» деп қолынан жетелеп алған Кәукен ағамыз емтихан жүріп жатқан класқа кіріп барыпты да: — Қазақ киносына Қобыланды керек пе? — депті. — Керек! — депті әлгілер. — Алпамыс керек емес пе? — депті. — Керек, керек, — деп шуласыпты тағы да. — Ендеше неге құлатасыңдар, міне, тұр ғой, Қобыланды, — деген екен. Сөйтіп, әлгі ауылдан келген еңгезер «типаж» жігіт актерлік бөлімге қабылданып кеткен екен. Қазір «Тұлпарды құ басынан таныттын» Кәукен сияқты үлкен жүректі ағалар жоқ. Есесіне, қазақ киносына келіп жатқан жас актерлердің ойы да, бойы да кішірейіп баралы. Өнер ілімін оқытатын шаңырақтардың «коммерциялануына»... байланысты театр мен кино бөлімдеріне ауыл

миллион тенге. Айтыңызшы, онсыз да жартысына жуығы салыққа ұсталатын мұндай болмашы қаржыға қалай сапалы фильм түсіруге болады? Біздің қоғам, оның ішінде блогер-кино сыншыларымыз қызық кино түсіруді бір оп-онай дүние көреді. Кино деген алдымен — өндіріс. Өндіріс болғанда соңғы технология жетістігімен жұмыс істейтін өндіріс. Ал мұндай технологиялық, интеллектуалдық өнер өндірісіне көп қаржы жұмсалды. Қазіргі уақытта орташа голливудтық фильмге жұмсалатын қаржының өзі 100 миллион доллардан асты. Америкалық киногерлер ақшасы көптіктен ақша шашып жатқан жоқ. Сапалы кино түсіру мол қаржыны қажет етеді. Кино дегеніміз — өндіріс процестерінің күшімен өнерге айналатын әлемдегі жалғыз ерекше өнер түрі. Сериалды түсіруге тапсырыс берушілердің осы қарапайым қағидаға сауаты жетпеген. Егер бұл сериалды Голливуд түсірсе, кем дегенде 100 миллион доллар салар еді. Нәтижесінде, экранға тағы бір соңғы кинотуындыны жарқ еткізер еді. Біз әуелі киноның қаржысын, материалдық-техникалық базасын сайлап алмай, кино түсіруді бастап кетеміз. Сонан соң шұлаймыз-ай кеп! Жөк! Олай болмайды. Келешекте тарихи фильм түсіру ісін белгілі бір жүйеге келтіргеніміз жөн. Түсірілім кезеңдерінің нормативін бекіткен абзал. Мәселен, тарихи фильмінің дайындық кезеңі кем дегенде бір жыл не бір жарым



ЖҰПАРЫ АҢҚЫМАЙДЫ

БІРЕУІ АБАЙДЫ, МАХАМБЕТТІ ЖАТҚА АЙТА АЛМАЙДЫ. КӨБІНІҢ ТІЛІНДЕ «АСФАЛЫТ ДЕФЕКТИСІ» БАР, ЯҒНИ ҚАЗАҚ ӘРІПТЕРІ Ң, Қ, Ғ, І, Ө, Ұ, Ү, ДЫБЫСТАРЫН АЙТА АЛМАЙДЫ. БҰЛ ДЫБЫСТАРҒА ТІЛІ КЕЛМЕГЕН СОҢ ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ ЖҰПАРЫ АҢҚЫМАЙДЫ. ЖАТТАП АЛЫП, ЖАСАНДЫ СӨЙЛЕГЕНДЕЙ ӘСЕР ҚАЛДЫРАДЫ.

салтанат құрған жарқын заман өшкен жоқ. Әр қазақтың санасында Баян сұлуың, Қозың, Алпамыстың, Едіге мен Ер Тарғынның бейнесі ғажайып образ ретінде сақталған. Әсіресе, халық жадындағы сұлулар галереясы ғажап. Сондықтан эпостарымызды түсіргенде, басты рөлді сомдайтын сұлулы тандағанда, аса сак болу керек. «Хан бұрылып қарағандай» сұлулығы өз алдына, «мандайына күн, етегіне жел тимеген» кіршіксіз, пәк болуы шарт. Әрине, таланты өз алдына. Мұндай аруды ел ішінен іздеп табу керек. Ол үшін кастинг мәселесі жолға қойылуы керек. Қазір кастинг мәселесі де қазактың қасиетін танымайтын орыс тілділер мен актер тандауда бармақ басты, көз қыстыға баратын

коммерцияланған продюсерлер мен режиссерлер саудагердің, алысатардың көзімен қарайды. Ал кино өнер өте нәзік дүние, оның нәзіктігін киіктің лағына теңеуге болады. Шоу-бизнес өкілдерінің қолына түскенде ол қолға үйретуге көнбейтін киіктің лағы сияқты бірден өліп қалады. Сондықтан мемлекет шоу-бизнес өкілдерін кино өнердің маңайына жолатпаудың бір тетігін қарастырағын абзал.

Жас казак: Осыдан бес-он жыл бұрын «Қазақ киносындағы олқылыққа асфальтқа өскен қазақ балалары кінәлі» деуші еді...

Е.Төлеутай: Кез келген проблеманың түп-тамыры болады. Қазақ киносының бүгінгі түйткілдері өткен ғасырдың 70-жылдарында

көбінесе аяғы ауыр боп қалып, оқуын тастап кетіп жаталды екен. Әрине, ішінде бітіріп шығатындары болады. Олар «ВГИК бітіріп келді» деген атпен «Қазақфильмде» кино түсіреді. Бірақ бір ауыз қазақша білмейтін режиссер ұлттық киноны кайтіп түсірмек. Осылайша, ұлттық киномыз Шөкен мен Сұлтан Қожықовтардан кейін бірден тоқырады. Шөкен ағалар ұлттық фильм түсіре алатын шәкірт тәрбиелеп үлгермеді. Кейін «Токсаныншы жылғылар» деп аталатын режиссерлердің жана легі келіп, ұлттық киноны мүлдем тұғыртып тастады. Сөйтіп дәстүр үзділ. Осыдан үш жыл бұрын Еуразия кинофестивалінде ВГИК-тің профессоры, атакты Соловьев келді. Сонда Республика сарайының сахнасында сөйлеген сөзінде әйгілі профессор залдағы шәкірттеріне қарата: «Мен бұларға ұлттық кино түсіріңдер дегенмін» деді. Осы сөзімен ол қазақ киносындағы токсаныншы жылғылар толқынына көңілінің толмайтынын білдірді.

Жас казак: Қазір кинода жүрген жастар кімдер?

Е.Төлеутай: Қазіргі жағдайға келетін болсақ, кино саласында жастар көп. Бірақ дені — орыстілді жастар. Бұлардан ұлттық режиссер шыға қоюы екіталай. Демек әлі жана заман Шөкендерін ұзақ күтетін түріміз бар. Айтпақшы, жоғарыда айтқан үш киттің бірі — актер жөнінде де қазақ киносында проблема жетіп-артылады. Әсіресе, қазіргі жас кино актерлер мен актрисалардың қазақ тілінде сөйлеуі сын көтермейді. Бірде тарихи фильмінің түсірілім алаңында бір актердің дұрыс сөйлей алмағанына ыза боп: — Өзін киноға қайдан келгенсің,

қай саланың маманы едің, — десем, — Кәсіби актермін, жоғары оқу орнында сахна тілінен сабақ беремін, — деп қарап тұр. Жылайсың ба, күлесің бе? Жас актерлердің көбі сахна тілінен мақұрым, қазақи сөз саптай алмайды. Тегіс тобырлық мәдениеттің вирусын жұқтырған, миларын, санасын эстрада, поп, рок музыка өбден жеп қойған. Бойына рок музыка өтіп кеткендіктен тұтығып сөйлейді. Біреуі Абайды, Махамбетті жатқа айта алмайды. Көбінің тілінде «асфальт дефектісі» бар, яғни қазақ әріптері и, қ, ғ, і, ө, ұ, ү, дыбыстарын айта алмайды. Бұл дыбыстарға тілі келмеген соң қазақ сөзінің жұпары аңқымайды. Жаттап алып, жасанды сөйлегендей әсер қалдырады. Айтпақшы, кино актердің сөз жаттауы жайлы бірер сөз. Баяғыда қырғыздың атакты актері Бейшеналиев Мәскеу павильонында бір рөлге түсіп жатып, сөзін ұмытып қалыпты. Бәрі аң-таң, великий Бейшеналиев қалайша ұмытып қалады, бұл не деген маскара! Бейшеналиев түнімен қанша арак ішсе де (кеңсе заманының киноактерлері қатты ішкен) рөлін жаттап келуге уақыт табады екен. Сол жолы құдай ұрып, бәлкім, қатты мастықтың салдарынан Бейшеналиев әлгіндей кепке ұшырайды. Әрине, режиссерге де, редакторға да актердің рөлін ұмытып қалуы аса бір трагедия емес. Шамалы уақыт беріп, қайта жаттатқызып дубль жасап қайыра түсіре берелі. Бірақ бұл Бейшеналиев сынды «өнерім — өмірім» деп ұғатын, ешқашан жаңылысып көрмеген кәсіби актерге ауыр соққы боп тиеді. Қапы қалғанына, ұятқа қалғанына өмір бойы опынып өткен екен. Содан кейін Бейшеналиев ешқашан сөзінен жаңылмаған деседі. Ал қазір

жастары — қазақ ісі аңқыған «типаждар» түсе алмайтын болған. Нағыз өнердің кедейден, кедейдің баласынан шығатынын ұмыттық. Ал беттері «Батыс Қытай — Шығыс Еуропа» асфальтіндей жып-жылтыр, жүздерінде «биография» ізі жоқ — өмір көрмеген, бойлары да, ойлары да аласа, тобырлық мәдениет жұлдыздарын қуиір тұтатын қаланың, яки байдың ток баласы ешқашан ұлттық актер бола алмайтынын білеміз. Біле тұра оқытып жатырмыз. Аталмыш сериалда да жас актерлеріміздің сөзді бойына сіңірмегені, сініре алмағаны анық байқалып тұр. Қалай сініреді, қазақша кітап оқымаса, жыр, күй, ән тындамаса?! Жастардың бар ойы — тезірек жұлдыз болып танылу. Бірақ олар нағыз актер болу үшін жанкеңіткіппен еңбектену, үйрену керектігін алдымен көп оқу-тоқу керектігін ескере бермейді. «Қотыр атқа соқыр ат үйір» дегендей ұлттық дүниетанымынан бейхабар орыс тілді продюсер мен режиссерлерге енді орыстілді сақау актерлер қосылыу. Оған сценарийлердің көбінесе орыс тілінде жазылатынын қосыңыз. Осыдан соң, ұлттық кино қойырпақ болмай қайтсін?! Әлгі үш киттің ізі ит боп қалды емес пе? Келешекте мемлекет идеологиясына жауапты мекемелер, кино өнерін үйрететін өнер ордалары осы олқылықты жоюдың жолын табуы керек. Биыл Парламентте «Кино туралы заң» қабылдау үшін кең көлемде әзірлік жұмыстары жүріп жатыр. Жана заңда қазақ киносының ұлттық мәселесі заңмен қорғалуы тиіс! Әйтпесе, ұлттық киномыздың осы құлдырағаны — құлдыраған.

Жас казак: Тарихи картиналарға кемінде қанша қаржы бөлінуі керек?

Е.Төлеутай: Айтпақшы, мені таңқалдырғаны — арты дауға ұласқан әлгі сериалға бөлінген қаржының мардымсыздығы. Бар болғаны 54

жыл болуы керек. Түсірілім кезеңі кем дегенде 8 айға (қыс мезгілі көрсетілуі үшін) созылуы керек, қалған монтаждау-дыбыстау т.б кезеңдеріне жарты жылдай уақыт берілуі қажет. Тарихи фильм осылайша кем дегенде екі, екі жарым жыл ішінде түсіріліп, көрерменге жол тартқаны жөн. Сосын тарихи фильмінің бюджеті жөнінде бірер сөз. Мәселен, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сияқты тарихи сериалдың бюджеті кем дегенде бір миллион доллар, ал мысалға, Кенесары хан жайында көркем фильм түсірер болсақ, бюджеті 10 миллион доллардан кем болмауы керек. Егер осындай түсірілім нормативін сақтай отырып, осындай көлемдегі қаржыға тарихи фильм түсірер болсақ, режиссерден, фильмді түсірген кинокомпаниядан жаксы фильм талап етуге болады. Көріп отырғанымыздай, 54 миллион тенгеге сериал түсіру «арзанның жілігі татымайдының» кері болып шыққан. Менің «Қазақстан» телеарнасы басшыларына бір айтарым, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сериалын сөреге тастамай, осы сериалды қайыра монтаждап ежелгі ғашықтық эпос жайында сыр шертетін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» атты деректі фильмге айналдырған жөн. Сонда жұмсалған қаржы желге ұшпайды. Өтінерім, келешекте еліміздің телеарналары мұндай аз қаржыға фильм, яки сериал түсіріп әуре болмаса екен. Тағы да бір құбыжық кино дүниеге келмес үшін, тағы да бір тарихи жәдігер-жауһарларымызды қорламаса үшін, ұлттық құндылығы қорланған жұртты бүгінгідей ұралай шұлатып, ашындырмаса үшін...

Жас казак: Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Жарас КЕМЕЛЖАН

ЖЕДІГЕР

Жас казак: Шанғы ең алғаш Алтайда пайда болған деген дерек бар. Алтайда туған азамат ретінде айтынызшы, шаңғы казак жерінде пайда болған деген әңгіме құрғақ мақтан ба, әлде нақты дәлелі бар дүние ме?

Ұларбек Дәлей: «Шанғыны алғаш рет Алтай тауын мекендеген тайпалар қолданған» деген дерек Қытайдың көне және орта ғасырдағы жазбасында сақталған деген әңгімені көп естідім. Бірақ ол құжатты өз көзіммен көрген жоқпын. Десе де, сол Алтайда тұратын казак-монғолдар шаңғының табанына жылқы терісін қаптап алып, шаңғы ойынының неше түрін жасап, құзар шыңдар мен шатқал сайларда зулағанын көрсеніз, еріксіз тандай қағасыз! Соған карап-ак, шаңғы тебу өнері казак жерінде пайда болды немесе неше ғасырлар бойы сол көшпенділер қалың таулы орманда қатынас құралы ретінде пайдаланып келді деуге толық дәйек бар. Оның үстіне Алтайдың табиғаты, қалың қары сонда тіршілік еткен халықтар үшін шаңғыны ойлап табуға негіз болатыны анық.

Жас казак: Жылқы терісінен шаңғыны қалай жасайды? Жалпы, бұл шаңғының қандай артықшылығы бар?

Ұларбек Дәлей: Шанғыны жылқы терісінен жасамайды. Оны өскеніне 10 жылдан асқан қайыңнан немесе берік еменнен шауып алып, анызақ ыстықта көленкеде кептіріп, морға салып басын иелі. Сосын құлын жарғақтан немесе құнан жылқының жон терісінен табанын қаптайды. Кейде шаңғыға кигізе көмкеріп, бір қырынан тарамыспен тігіп тастайды. Олай жасағанда — еніске қарай екпіні тездеп, ал өрге қарай шыққанда артка қарай мүлде жылжымайды. Бір бағытта ғана жығылатындықтан, қайратты жылқы жүні тежегіш рөл атқарады.

Ал Алтайдың тау казактары оны көбінесе қалың қар көмкерген орманда қатынас және аң аулау құралы ретінде пайдаланады. Қашқан бұғы мен қасқырды жанасалай қуып барып, жанап, өткір кездікпен қарнын ақтарып өте шыққан

Асқарын алты ай қар құрсаған, алты ай жасыл желек жапқан өр Алтайда дәстүрлі қысқы шана және шаңғыдан жарыс басталды. Шана кәдімгі қалың қарда атқа жегетін, табаны жылтыр темірмен қапталған көшпенділердің тұрмыстық жәдігері. Шана жарыс аттың күшін, жігіттің ептілігін сынайтын бөсеке. Алтайдың арғы жағындағы ағайын салт-дәстүрге берік. Соның бір дәлелі – жылқы терісімен қапталған көшпенділердің байырғы шаңғысымен жыл сайын өтетін аламан. Сонымен, бұл қандай шаңғы? Өр Алтайда туған белгілі журналист, ақын Ұларбек Дәлей терімен қапталған жәдігерді бір кісідей зерттепті. Алғашқы сұрағымыз былай басталды.

жанкешті аңшылар жайлы ауылда көп әңгіме естіп өстік.

Кейде қыс бастала соғым басына тойып, үйде ерігіп жатқан жас жігіттер шаңғы ойынын ұйымдастырып, шеберлік сынасатын. Алғашқы қалың қар түскенде өтетін ол жарыс былай: Мықты атын немесе кара мылтығын бөске қояды. Қарсыласы көшкін қар ең мол түсетін биік шыңның ортан белінде шаңғысын киіп дайын тұрады. Бөсті тамашалауға келгендердің бірі қатты ысқырып немесе мылтық атып, құзар басынан көшкін түсіреді. Сол кезде әлгі бөске жанын тіккен шаңғышы жігіт көшкіннің алдымен заулап, жөнкілген дүлей қар тасқынына ілдірмей қарсы бетке бір-ак сәтте самғап шығып

кетеді. Басты мәселе — көшкінге ұсталып қалмауға тиіс. Өйткені, қанатты құс атаулыда биіктен ағылған көшкінге ұсталмай тік ұшып кететін жалғыз құс сауысқан ғана екен ғой. Өзге жан иесі құтылмайды дейді.

Жас казак: Сіздің ауыл жақта жыл сайын қыста жылқы терісімен көмкерілген осы шаңғымен дәстүрлі жарыс өткізіліп тұрады екен. Одан хабарыңыз бар шығар? Ол жарыстың қандай талаптары бар: қанша шақырымдық және қандай жерде өткізіледі?

Құлын жарғақ шаңғы

Сұхбаттасқан Салтанат ШЫРЫНХАН

ҚЫСҚЫ МӘТІН

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ

– Әлеуметтік желіде Қапшағай қаласы көшелеріне ілінген жарнамада жіберілген өрескел қателердің суреті жарияланды. Осыған қатысты не айтасыз?

Біз әрқашанда жарнаманың барлық түрінен қызмет көрсетуге дайынбыз!

Мұндай ескерту жасағандарыңызға рахмет! «Жарнама агентігінің дизайнері орыс ұлтының өкілі» – деп ақталғаным дұрыс болмас. Қателік өзімнен. Өйткені тексеру менің міндетім. Алдағы аптада кеткен қатені түзетуге уәде беремін.

ЖАУАБЫ

Ержан НЕСІПБЕКОВ, «Қапшағай жарнама» агентігінің басшысы:

Асыл ҚАЗЫНА


Енді туристерге құрт қайнатып, бауырсақ пісіруді үйрете аламыз. Мұндай орталық Шығыс Қазақстан облысындағы «Нұржеменей» демалыс кешенінде орналасқан. Онда шетелдік қонақты киіз үйде қазақша қарсы алады. Алты қанат ақбоз үйге түсіріп, алаша кілемнің үстіне дастархан жайып, қазақы жосын жасалады.

Салт-дәртүрімізді насихаттау үшін саяхатшыға ұлттық тағам ұсынып, колөнер бұйымын тарту етеді. Осылайша, табиғаты таңғажайып казак жерін көруге келгендерге құрт қайнатып, ірімшік дайындап, бауырсақ пісіріп, ет асудың қыр-сырын үйретеді. Сондай-ак орталықта саяхатшыға казактың ұлттық тағамының барлық түрін өзі дайындауға толық мүмкіндік қарастырылған.

БҰРЖАНДЫ

Қыста көкпар тартты

Қытымыр аяз қаһарына мінген уақытта көкпар тартпақ түгілі, сыртқа шығу мұңға айналғандай. Бірақ Жамбыл облысы Жуалы ауданының тепсе темір үзетін жігіттері үшін бұл кедергі емес. Олар күннің суығына қарамастан, ұлттық спорттық ойынымызды ай сайын ұйымдастыруды қолға алыпты.



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияның ұшақтарында бар. Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2102; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 44 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
--	---	--	---	---